

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Кызылординская область**

Абдижалилова Гүлсім .....	3
Алпамыс Мөлдір.....	7
Әлиева Торланзере .....	10
Бақыт Назым .....	13
Бақытбекқызы Ақниет.....	16
Батылжанұлы Думан .....	17
Батырханов Бауыржан .....	18
Бердалі Медғат .....	19
Бижұма Сандуғаш.....	23
Данияр Айдана .....	26
Жақсылық Шұғыла .....	29
Жасұлан Нұрсұлтан.....	32
Іскендір Ақбота .....	34
Қазыбекова Алтынай.....	37
Қошқарбаева Толғанай.....	40
Қуандықова Аружан.....	43
Құлысбек Ақтолқын.....	45
Мамедалиев Мұхтархан .....	48
Маханбетжанова Балкүміс .....	50
Маханова Жансая .....	53
Мұхамедалиева Ақтоты .....	56
Мырзаш Нұрсұлу.....	58
Нұрмағанбет Гүлдарина.....	61
Орынбасарова Сымбат.....	65
Рақмет Камила.....	68
Сабыров Жәнібек.....	71
Сантаева Фариза.....	72
Сражова Ақтоты.....	75
Сырлыбай Зүлфия.....	78
Тастаева Ақсымбат .....	80

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Темірбаева Ақниет .....	84
Уәли Еркебұлан.....	88
Ыбрашева Ақерке.....	92

Абдижалилова Гүлсім

8 сынып, №275 мектеп

Байқоңыр қаласы

Жетекшісі: Дыханова М.К.

## Ерлік ұмытылмайды

Біз – бейбіт елдің ұланымыз

4 жылға созылған бұл шайқасқа 71 жыл! Жеңістің тәтті дәмін татып отырғанымыз сол жылдарда жер үшін, ел үшін шайқасқан ата-аналарымыз бен аға-тәтелеріміздің арқасы деп білемін! Оларға мың алғыс! Сол бір жылдардағы ауыр күндерді бастан кешіріп, осы күнге дейін көзі тірі ата-әжелерімізге көп көмек көрсетілуде. Оларды қанша мадақтасақ та, мадақтасақ та жеткіліксіз. Олардың ерлік істері ешқандай алтынмен, күміспен теңеспейді.

Тарихи деректерге сүйенсек, осыдан 75 жыл бұрын, 1941 жылдың 22 маусымында таң алдында фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасаған. Бұл күн –тарихтағы ең қайғылы күндердің бірі.

Соғыс басталған кезде Кеңес Одағының батыс шекарасын қазақстандықтар күзетіп тұрған, олардың көбі әскерден елге қайтулары керек болған.Сұм соғыс олардың жоспарларын іске асырмай тастаған.

Соғыстан тірі қалғандар партизандар қозғалысына қосылған. Олардың қатарында 190 қазақстандық болған.

Басынан аяғына дейін мұздай қаруланған гитлершілдер соғыстың бас кезінде миллиондаған әскер мен мыңдаған техниканы шабуылға шығарған. Оған дейін бірнеше мемлекетті басып алған жау Баренц теңізінен Қара теңізге дейінгі аралықта зор майдан шебінде соғыс ашқан. Гитлер және оның әскерінің көздегені – әлемдегі тұңғыш социалистік мемлекетті басып алып, Кеңес елін қол астына алу болатын. Бірақ, кеңес халқы өз Отанын, елін жауға тапталмай қасық қаны қалғанша күресе білді. Халық Коммунистік Партияның басшылығымен әділетті азаттық соғысқа бірігіп көтерілген. Осы соғыста Қазақстан халқының, қазақ батырларының үлесі өлшеусіз болған.

Соғыс тек майдан даласында ғана емес, тылда да жүрген. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың барлығы тылға көшіріліп,елімізде қорғанысқа қажетті металдар өндіріліп, жауға атылған әрбір 10 оқтың тоғызы елімізде құйылған.

Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін!» деген ұранмен еңбек етіп, майдандағы әскерлерді азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған. Қазақстанға әр түрлі ұлт өкілдері оның ішінде немістер мен поляктар, балқарлар, қарашайлар, ингуштер,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

шешендер, түрік-месхетиндер, қырым татарлары барлығы 532 506 адам күшпен жер аударылған. Жаралы жауынгерлер мен офицерлер тиелген пойыздар күн сайын ағылып отырған. Әскери госпитальдердің көбісі Алматыда құрылған.

1939 жылы біздің елімізде 6,2 миллион адам тұрып жатқан. Соғысқа 1 миллион 200 мың қазақстандық шақырылған. Бұл деп отырғанымыз халықтың 20%-ы, яғни елдегі еңбек етуге жарамды адамдардың барлығы майданда болған деген сөз.

Қазақ халқы ел басына күн туғанда «толарсақтан саз кешетін» жауынгер, намысшыл халық. 4 жылға (1418 күн) созылған Ұлы Отан соғысында біздің ерлеріміз майдан даласында ерлікпен шайқасқан. Қазақтың қыздары ер азаматтарға майданда да сүйеніш бола білген. Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова қан майданда ерлерше шайқасып, нар көтерер ауыр жүкті көтере білген.

Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барған. Олар Сталинград, Днепр, Мәскеу мен Ленинград шайқастарында ерліктер көрсеткен. Осы соғыста біздің елімізден 600 мыңнан астам адам қаза тапқан. Жауынгерлік ерліктері үшін жүздеген мың қазақстандық медаль-ордендермен марапатталса, 497 адам Кеңес Одағының Батыры, 100-ден астам адам - Даңқ орденінің иегері атанған. Төрт қазақстандық екі мәрте Кеңес Одағының Батыры атанған, олар - Талғат Бигелдинов, Сергей Луганский, Иван Павлов және Леонид Беда. Кеңес Одағы Батырларының қатарында қазақтың екі қызы - мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова бар. Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен қазақ лейтенанты Рахымжан Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер, вяткалық орыс Григорий Булатов болған. Жаудың тылында партизандардың қатарында да қазақстандықтар шайқасқан. Солардың бірі - Қасым Қайсенов. Төсін оққа төсеген батыр аталарымыз Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин, Н.Әбдіров, Р.Амангелдиев, С.Баймағамбетов, Д.Шыныбеков, С.Жылқышев, Т.Мырзаевтың есімдері тарих беттерінде, ел есінде мәңгі сақталады. Шайқастардың қай-қайсысы да оңай болмағаны белгілі. Солардың ішіндегі ең бір қанқұйлы шайқас Мәскеу үшін болған шайқас. Танымал қолбасшы, әскери жазушы Бауыржан Момышұлы: «Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол - Отанға деген сүйіспеншілік», - деп еліне, жеріне деген шексіз махаббатын, құрметін майданда дәлелдеген. 96 жастағы қарт ақын Жамбыл Жабаев соғыстың алғашқы төрт жылында үш мың жолдай жыр төккен. «Ленинградтық өренім» толғауында 900 күн, 900 түн қоршауда қалып, қиын шақты басынан өткізген қаһарман ленинградтықтарға арналған болатын.

Биылғы жылы соғыстың басталғанына 75 жыл, аяқталғанына 71 жыл толып отыр. Қаншама уақыт өтсе де соғыстың салған жарасы әлі күнге жазыла қойған жоқ. Біреулер ата-анасынан, біреулер бауырынан, біреулер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жарынан айырылып, қайғы жұтты. Аяғынан, қолынан айырылып мүгедек болғандары қаншама. Өздерінің батырлығы мен ерлігін дәлелдеген ардагерлеріміз жылдан-жылға, күннен-күнге азаюда.

Соғыс тақырыбына шығарма жазу үшін тек қана тарихи деректерге сүйеніп қоймай, соғысты өз көзімен көрген адаммен сұхбат жүргізгенді жөн көрдім. Біз тұратын Байқоңыр қаласына жақын маңда Ақай ауылы бар. Осы ауылдан кезінде соғысқа көптеген адамдар аттанған, қазір ол кісілер бақилық болды. Соғысқа қатысқан Балғынбаев Айдарбай, Әлиев Тоқтар, Баймаханов Емберген, Күншығаров Көптілеу аталарға ауылда көше атаулары берілген. Бүгінде көзі тірісі 96 жастағы Жарманов Қалмырза ата. Атаға жолығып, бірнеше сұрақтар қойдым.

**Ата, сіз соғысқа қалай шақырылдыңыз?**

- Мен 1942 жылдың 22 қаңтарында Қазалы ауданынан соғысқа аттандым. Алдымен Ақтөбе, одан соң Орынбор қалаларына бардық. Батыс жақтан армия келіп, ішіміздегі жарайтындарды қосып алып, Орал қаласына жөнелтті. Орал қаласында үш ай тұрып, Орынбор, Мичурин қалаларында дайындықта болдық. Еділдің бергі бетінде Нарынқұмның үстінде 3 күн, 3 түн аш отырдық. Астраханға барып, Еділден жаяулап өтіп, 2 шақырым жердегі деревняға жеттік. 152 атқыштар батальонында болып 180 шақырым жердегі Қалмақ даласындағы соғысқа қатыстық. Осы шайқаста саяси қолбасшы Шилов екеуіміз жараландық. Астраханда 1 жеті жатқызып, жарамызды емдеді. Сталинград майданында 6 ай соғыстым. Пулеметші болып Орловск, Курск, Дубамайданында жаумен шайқасып, өкпемнен жараландым. Жазылып шыққаннан кейін Мәскеу қаласындағы мергендер мектебіне оқуға түстім. Оны 6 ай оқып, сержант атағын алып, 2-ші Прибалтика фронтына аттандым. Барлығы 4 майданға қатыстым. Қалмақ даласындағы майдан, Орловск-Курск шайқасы, Сталинград шайқасы, 2-ші Прибалтика шайқасы, (29 дивизия, 93 полк) Мамандығым сержант-снайпер. Әскери комиссариаттан 29 дивизия 93 полкта жасаған ерлігім үшін «Слава» ордені мен «Қызыл жұлдыз» ордені келді.

**-Қалмырза ата, соғыс аяқталғанда сіз қайда едіңіз?**

3 жарым жылдай соғыста болып, жараланып елге келген соң, 40 күннен кейін соғыс тоқтады. Үсен руының қызы Құрманәлиева Ханзадаға үйленіп, 10 қыз 4 ер балалы болдық. 3 жетім баланы асырап бақтық. Қазір 40 немере, 62 шөберем бар. Кемпірім 81 жасында дүниеден озды.

**- Ата, сұхбатыңызға көп рахмет! Жеңісіңіз құтты болсын, аман болыңыз!**

Сұхбаттан соң ауыр ойға қалдым. Бұл соғыс адамзат тарихындағы өте бір қанқұйлы соғыс болғанына көзім жетті. Адам баласы неліктен осыншама қатігез болады екен. Гитлер және оны қолдаған елі неліктен сондай жауыздыққа барды? Сүттей ұйып отырған, 15 одақтас республикалар бір тудың астына бірігіп, Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы болып

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

құрылғанына көп уақыт та бола қоймап еді. Кенеттен мына сұрапыл оқиға. Кеңес халқы сол туды жықпай қаншама ерлер шыбын жандарын шүберекке түйіп, ел деп, Отан деп бала-шағасын, бауырлары мен ата-анасын тастап батыстағы ұрысқа, жау шебіне кете барды. Алдында – жау, артында – елі, Отаны. Сондай қиын-қыстау, өмір мен өлім арпалысқан кезде, Отанды елді, бәрінен биік қоя білген, елі үшін жанын қиған, ерлерге қандай мақтау айтсаң да артық болмайтыны белгілі. «Алла тағала сақтайын десе от ішінен мақтаны да сақтайды» демекші, от пен оқтың арасынан аман келген Қалмырза атамыз батырларымыздың көзі, айта алмай кеткен сөзі, жете алмай кеткен бақытты кезіндей көрінеді маған.

Жеңіс оңайлықпен келмегені белгілі, қаншама адамдар аяулысы мен кимасынан айырылды. Бұл зұлмат соғыс 20 миллионнан астам кеңес азаматтарының өмірін қиды. Осындай қиын-қыстау кезеңде елді жаудан қаймықпауға, Жеңіске шақырған ақын-жазушыларымыздың еңбегі ерекше деп айтуға болады. Олар: Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Бауыржан Момышұлы, Баубек Бұлқышев, т.б.

Ұлы Отан соғысы сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен шыдамдылығын айқындайтын тарих бетіндегі ұмытылмас кезең. Ашық аспан, бейбіт өмірге жеткізген Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Сонау Жер-ананы жалын шарпыған алапат соғыс жылдарында қан майданда от кешкен еліне бейбіт өмірді тарту еткен, бізге бүгінгі бейбіт күнді сыйлаған, ержүрек жауынгерлер- бүгінгі ардагерлер әрқашан жоғары құрметке лайық екені даусыз.

Бүгінгі ұрпақ қазіргі тәуелсіз Қазақстан елінде алаңсыз өмір кешуде. Осы тәуелсіздіктің, еркіндіктің бағасын біліп, қадірлеп, қастерлеу - бүгінгі ұрпақ атқарар үлкен жұмыс. Қолына қару алып, от пен оқтың арасында өздерін құрбан еткен ата-ағаларымыздың ерлік ісін бейбіт өмірде елге, Отанға деген сүйіспеншілікпен жалғастыру, елдің болашағын ойлау – қанағатшыл, ойы терең, рухы биік адамдардың ғана қолынан келетіні анық.

Елбасымыздың «Нұрлы жол – болашаққа бастау жол» атты жолдауында «2015 жыл - ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп атап өткен болатын. Өткен жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы ерекше атап өтілді. Енді биылғы жыл Ұлы Жеңіске 71 жыл. Бұл мерекені жыл сайын, еске түсіріп отырсақ та артық емес. Өйткені, бұл ұрпаққа өнеге, үлгі болатын ерекше оқиға дер едім.

Алпамыс Мөлдір

5 сынып, № 33 орта мектеп  
Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылы  
Жетекшісі: Қалмағанбетова Г.Ж.

### Әжемнің әңгімесі

Мен сіздерге өзімнің әжем жайлы әңгіме айтқым келеді. Өйткені, мен-әжемнің ең сүйікті немересімін. Менің әжемнің аты-Сабира. Менің әжем өте әңгімешіл кісі. Жас келгесін бе, әлде біздерді қуантқысы келеді ме екен өзі жайлы, балалық шағы жайлы айтқанды жақсы көреді.

Менің әжемнің балалық шағы Ұлы Отан соғысымен тұспа-тұс келіпті. Соғыс басталғанда, әжем небары он жаста ғана екен.

Әжем жасынан өте пысық, өмірге бейім, сөзшең кісі болған. Тоғыз жасында-ақ анасынан айырылған әжем әкесінің оң қолы болыпты. Өзі бойы кішкентай ғана шағын қелген кісі. Ісінің тыңғылықтылығына тәнті болған көрші кемпір «Өзі қолбасындай, қолбасындай болса да, қорғасындай» деп әжемді мақтап отырады екен.

Әжем әкесі және Күнзия деген әпкесі мен Жүсіп деген інісі төртеуі Арал маңындағы темір жол бойындағы бір ауылда тұрыпты. Алдында әпкесі болса да отбасының жауапкершілігі өз мойнында болыпты. Әпкесі өзінен үлкен болса да, алғырлығына риза болған әкесі әжеме көп арқа сүйепті. Ерте ер жетіп, тірлікке араласуына соғыс кезінің қиыншылығы әсер етсе керек. Үш жасар інісі әпкелеріне еркелеп өсіпті.

Әкесі Жұмағали азаннан қара кешке дейін теміржолда жұмыс жасапты. Тылда қалған кәрі-құртаң, бала-шағаға бас-көз болсын деді ме, әлде тышқандай үш жетімнің де себебі болды ма, әйтеуір әкесін соғысқа алмапты. Қолы қалт еткенде үйінің отын-суы, малдың шөбін қамдап бір тынбайды екен.

Күз аяқталар кезде әжемнің әкесі бір түйесіне мініп, екінші түйесін жетекке алып, өзіндей адамдармен бірігіп, Сыр бойына кететін болған.

Әкесі апталап, кейде ұзағырақ жүріп қалатын кездері болыпты..

Сол кезде тапшылық болса да, адамдардың пейілінің кеңдігі сондай - кішкентай үш бала өз үйлерінде қала береді екен. Үйіне жақын жерде әкесінің қарындасы Қойлан деген кісі тұрыпты. Әжем сол кісінің жақсылығын көп көрдік дейді. Әкесі сол кісіге балаларын аманаттап сапарға кетеді екен. Есігінің алдында жаман жаппа қораларында екі-үш ешкі болыпты. Соны сауып, сүтін тамақ қылыпты. Түбітінен қолғап, шұлық тоқиды екен. Екі-үш ешкінің түбіті аздық ететін болғасын, киіз басқан,



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

алаша тоқыған ауыл әйелдеріне қолғабыс жасап, азды-көпті жүн мен жіп алатын болған.

Әжем «Тоғыз жасымда-ақ сырмақ, алаша тоқып, киіз басуды үйренгенмін»-дейді.

Ауыл темір жолдың бойында болғасын, ауыл үстінен ерсілі- қарсылы жүк тиеген пойыздар, соғысқа бара жатқан солдаттар мінген вагондар ағыл-тегіл өтетін көрінеді. Кейде пойыздар жол тосып тұрыңқырап қалатын кездері де болыпты. Әжем мен әпкесі екеуі соғысқа кетіп бара жатқан солдаттарға өздері тоқыған қолғап, шұлықтарын апарып береді екен. Риза болған солдаттар бұларды қуантқысы келіп, қолдарында бар нәрселерін беріп те кетеді екен.

Кейде бас киім мен жейделерін де беріп кеткен кездері болыпты.

Қолдары сәл босай қалса, ауыл сыртынан «қотырқара» деген отынды шауып, байлап Аралдың базарына апарып ,тамаққа айырбастайды екен.

Елде қиын жағдай, ас-ауқаттың тапшы кезі болса да , ешқашан үйдің есігін ілмей, есік алдындағы ешкі қамаған жаппа қораның аузын байламай, ағашпен тіреп қоя салады екен.Елде ұрлық жасау, біреуді ұрып-соғу деген мүлде болмапты.

Ел болғасын елде бірен –саран тентек болса, оны ел болып түзетуге тырысады екен.

Бірде шеттей бала-шағасы бар,күйеуі соғыста өлген жесір әйелдің үйінен әжептәуір ақшасы жоғалыпты. Жылап-еңіреген әйелді ешкім жұбата алмапты. Ауылдың бүкіл адамдары жиналыпты.

Жаудың алыстан келмегенін білген ауыл тұрғындары басқа амалы болмаған соң, ауылдың шетіне бақан ағашын көміп, басына ақ шүберек байлапты. Ақшаны ұрлаған адам өзі түнде ақшаны әкеліп, шүберекке байласын десіпті. Тек қана, үшінші күн дегенде ақшаны біреу әкеліп, байлап кетіпті.

Әкесі барарда кептірілген балық алып барса, қайтарда соларға айырбастап бидай әкеледі екен. Әкелген екі-үш қап бидайды келер жылға жеткізетін болыпты.Әкеміздің арқасында аш-жалаңаш болған жоқпыз дейді әжем. Сол бидайды диірменге тарту ,оны нан қылу әпкесі екеуінің міндеті екен. Әлі де бала емес пе,наны күйіп кететін кездері де болған. Сол күйген нанды әкесі жемнің арасына салып қояды екен.Сондағы ойы- әлде қандай заман болады деп ойласа керек.

Үйдің қасында көп балалы отбасы тұрады екен. Сол үйдің балалары есіктің арасынан қолын созып ,нан сұраса ,әжемнің бауырлары нанды беруге әкелерінен қорқады .



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Тек менің әжем ғана сол нанды көрші балаларға береді екен. Сосын бауырларына мен сауап іс қылдым деп мақтанатын көрінеді. Соны өзіне мақсат еткен әжем әлі күнге дейін жұртқа жақсылық жасап, қолында барын бөлісіп отырады.

Әжемнің жоқшылық көрмей, үбірлі-шүбірлі болып, ұзақ өмір сүріп жатқаны да сол кісілердің алғысы шығар. Сосын болса керек, балашағасына «жұрттан қарғыс алма, алғыс ал» - деп айтып отырады.

**Әлиева Торланзере**

8-сынып, №4 дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты  
Қызылорда облысы  
Жетекші: Әубәкірова Л.

### **Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмақ емес**

Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі.  
Н.Ә.Назарбаев

Адамзат тарихында Жеңістер көп. Бірақ солардың ішінде мән-маңызы жөнінен шоқтығы биік – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс. Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 71 жыл толды. Бірақ ұлы жеңістің ұмытылмайтыны сияқты, соғыс та ұмытылмастай ізін қалдырды. Жеңіс күні - бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қарсылықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы апаларымыз-өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы жеңіс елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

Соғыс-күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін, Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап тұратын ажал. Сондай соғыстың бірі - Ұлы Отан соғысы. Бұл соғыс бүкіл халықты дүр сілкіндірген соғыс. Қаншама адамдардың қаны төгілген жағдай. Бұл соғыста жеңіске жету - үлкен еңбек. Сол жеңіске қол жеткіздік! Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік! Ол күш әрине - «Бірлік». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп, күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

көрсетті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500-ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының батыры атағын алды. Олар: Б.Момышұлы, С.Луганский, И.Павлов, М.Мәметова, Ә.Молдағұлова және басқа да батырлар. Соғысқа ер кісілермен қатар әйел адамдарда қатысты. Ол кісілер жараланған жандарды емдеп, көпірлерді бұзды. Ф.Оңғарсынова әйел кісілердің соғыстағы бейнесін былай бейнелеген:

Саптан шықпай нық басып келесің бе?

Сыздап тұр-ау әлі күн оқ тескен жер...

Қаласыңдар мәңгілік ел есінде,

Ару қыздар - алаулап от кешкендер, - деп жазған.

Қара жерді дөңбекшітіп, жазықсыз жанын жазылмас жарамен қан жылатқан, көп ұлтты кеңес халқының ер жүректілігі мен қаһармандығын әлем алдында әйгілі еткен екінші дүниежүзілік соғыста мыңдаған әйел халық жауынгері атанды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейіріммен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, ал майданға керекті оқ-дәрі мен азық-түлік жеткізуші арсеналға айналады. Бұл соғыста қазақтар үлкен қажырлық көрсетті. Халқымыздың еңбегінің арқасында біз, яғни қазіргі ұрпақ Жеңістің тәтті дәмін сезіндік.

Ұлы Отан соғысы кезінде қазақтар әр түрлі аймақтарда соғыстар жүргізді. Сол кездерде соғыстың көзін көрген зиялылар қауымы соғысқа қатысты туындыларын шығара бастады. Өлеңдердің көбісінде соғысқан жерлерді бейнелеген. Мысалы көрнекті Қазақ ақыны Жамбыл Жабаев Ленинградтың ауыр тағдыры туралы жазды. Ол өлеңде:

Ленинградтық өренім,

Мақтанышым сен едің!

Нева өзенін сүйкімді,

Бұлағымдай көремін..., - деп жырлаған болатын.

Осы өлеңінің арқасында 900 күн қамауда қалған Ленинградтықтардың рухын көтеріп қажырын жаныды. Сол сияқты Нүрпейіс Байғанидің өлеңінде Мәскеу қаласы туралы айтылған. Бұл өлеңде былай делінген:

Москва, сенің іргеңді,

Ел, ер болып сақтаймыз.

Сенен аяр жан да жоқ,

Барлығы да сен үшін,

Саған қауіп төнгенде

Жау таянып келгенде,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қамсыз тыныш жатпаймыз

Алпыс ұлттың адамы,

Қол ұстасып үн қосып,

Қорғауға сені дайынбыз, - деп жазған. Бұл жерден біз халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Осымен қатар басқа да ақындырдың шығарған шығармашылық туындылары бар.

Сонымен қатар қазақтар туралы әр түрлі мәліметтер шыға бастады. Олардың бірі ағылшын тарихшысы Александр Верт өзінің «Ресей 1941-1945 жылдағы соғыста» деген кітабында: «Қызыл Армияның табанды солдаттарының бірі қазақтар болды, тұтас алғанда қазақтар бүкіл соғыс бойында өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Тіпті Сталинградтың өзіне ең өжет солдаттар қатарында қазақтар тұрды», деп жазған. Ал совет жазушысы И.Эренбургтың 1942 жылы жазған «Қазақтар» деген мақаласында: «Бір фриц маған: «Біз жойқын күші бар қаһарман солдаттармен беттестік, оларды алған бетінен тіпті ешқандай оқ та, өрт те тоқтата алмады. Олар тура бізге қарай дауылдай дүркіреп жүгіріп келе жатты. Мен бұлардың қазақ деген халық екенін естідім. Бұрын мұндай халық барын естімеп едім...», - деді. Бұл жерден біз қазақтардың ержүрек болғандығын және оны бүкіл жұрт ғана емес, қарсылас жауларымыздың да мойындағанын байқаймыз.

Жеңіс күні - абыройымыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Ұлы Жеңіс-барша халықтың жеңісі. Жеңіс жолында үлкен ерлік көрсеткен аға-әпкелеріміздің еңбегі өте зор. Ол кісілердің еңбегін ұмыту мүмкін емес. «Ер есімі-ел есінде», - дегендей бұл жандарды ешқашан ұмытпаймыз. Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Биыл 2015 жылы осынау Ұлы Жеңіске 71 жыл толып отыр. Демек, біздің бейбіт аспан астында өмір сүріп жатқанымызға 71 жыл! Сондықтан жыл сайын халқымыз 9 мамыр күні сұрапыл соғыстың куәгерлері - майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне құрмет-ілтипатын білдіріп, соғыста қаза тапқандарға бас июді үлкен борыш санайды.

Соғыстың өткеніне 71 жыл өтсе де, оның салған жарасы әлі күнге дейін сыздайды... Бүгінде арамызда сиреп бара жатқан ардагерлердің әңгімесін тыңдағанда, майдан жылдарындағы әндерді естігенде көңілге еріксіз мұң ұялайды. Көктеммен бірге келетін осынау Жеңіс мерекесінің көз жасы аралас қуанышты мерекесі әрбір дарынды ұрпақтың мақтанышпен айтар жалынды сөзі. Біздің, яғни, жас ұрпақтардың міндеттерінің бірі осы үлкен соғыста ерең еңбек етіп, жандарын қиған аға-әпкелерімізді ешқашан ұмытпай есте сақтап, соларға үлкен құрмет көрсету.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Бақыт Назым**

8 сынып, Назарбаев Зияткерлік мектебі  
Қызылорда қаласы  
Жетекшісі: Мананбай Г.А.

**Болмасын соғыс болмасын ...**

«Жауғандап қарап дала тұр,  
Көз жасын сүртіп жаңа бір.  
Хабарсыз ұлын сұрауға,  
Жолыңды тосып ана жүр.  
Қанша үйдің ұрлап адамын,  
Қанша үйде сөніп қалды оттар.  
Көрдің бе ұлын ананың,  
Соғыстан қайтқан солдаттар?»  
Сырбай Мәуленов

Ұлы Отан соғысы аяқталып, Жеңістің туы желбірегеніне биыл - 71 жыл! 9мамыр – бұл мыңдаған саналы жаңа ұрпақ үшін ортақ қуаныш. Бұл мерейтой – біз үшін де ұлы күн! Ұлы Отан соғысы біздің әрбір соғыс тауқыметін көрген ата-әжеміз үшін жүрегіне өшпестей қара іздерін қалдырды. Ер есімі - ел жадында мәңгіге. Біз батырларымызды мақтанышпен әнге қосып жырлаймыз. Себебі, Отан үшін қасық қандары қалғанша күресіп, бізге осындай өмірді сыйға тартты. Бұл жеңіске қол жеткізудің сыры Отанға деген сүйіспеншілік пен қайтпас қайсар ерлік, сын сағаттағы патриоттық сезімдерде жатыр. Жеңіске жетуде орыс, украин, беларус, қазақ, татар, өзбек және басқа да ұлттар фашистерге қарсы соғыста тізе қосып бірге тойтарыс берді. Олардың мақсаты артта қалған жанұяларын, ыстық атамекенін, кейінгі жастардың келешегін сақтап қалу тұғын. Шынымен, сол уақытта кеңестік идеология мықты жұмыс жасады. Соның ішінде жалған көтермелеу, кейде ойдан батырлық жасау сияқты көзбояушылықтар болғаны жасырын емес. «Үстімде сұр шинелім, Ақсаңдай басып келемін» деп Қ. Аманжолов әндеткендей, талай жас қыршыннан қиылды. Тылда еңбектеген баладан бастап, еңкейген қартқа дейін жауынгерлерді тамақтандыру үшін тынбай еңбек етті. Соғыс дүние жүзі халықтарының бестен төртінің тағдарын тәркіге салды. Бірақ осы соғыста Қазақстанның қосқан үлесі ерекше болды. Халықтың соғыс қажеттеріне жұмылдырылуы 24%-ды құрады. Кейін соғыста сіңірген еңбегі үшін 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Оңай келмеген Отан үшін соғыста ерекше ерлігімен көзге түскен біздің Т.Бигелдинов, пулеметші М.Мәметова, мерген Ә.Молдағұлова, атқыштар С.Баймағамбетов, минометші Қ.Спатаев пен А.Бақтыгереев, кавалерист М.Қатаев, сапер атқыштар дивизиясының басшысы Ғ.Сафиуллин, Бауыржан Момышұлылар, Лейтенант Р.Қошқарбаев секілді батырларымыз өте көп болған. Біз Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Қазақстанда жасақталған 316 атқыштар дивизиясының бөлімшелері 1941 жылдың 16 қарашасында Мәскеуге өршелене ұмтылған неміс басқыншыларының шабуылына тойтарыс берді. Осы жылдың 18-21 қарашасында Мәскеуді жаудан қорғау шайқастарында ботальон командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлының сарбаздары асқан ерлік көрсетіп, даңққа бөленді. Ұлы Отан соғысы куәгерлерінің айқын миссиясы туралы айтқанда М.Ғабдуллин, С.Аманжолов, С.Бәйішев, А.Нүсіпбеков, С.Зимонов, А.Абдуллин, Ә.Қайдаров сынды танымал ғалымдарды айтпай кетсек жөн болмас. Олар елдің басына күн туғанда жауынгерлер арасында тәрбие жұмысын жүргізіп, кейін ғылым салаларына басшылық жасауда көп еңбек сіңірді. Б. Момышұлы мен Қ. Аманжолов, Ж. Молдағалиев бастаған жазушылар тобы соғыс туралы бастан өткерген қиындықтарын қағаз бетіне қанмен жазып бізге жеңістің қандай қиындықпен келгенін ұқсын деп мұра қылып қалдырды. Сонау 45-інші жылдың 9-мамыры күні жауыз фашистерді түгелімен жеңдік деген сәтте барша КСРО халқының қуанышы қойынына сыймай, көңілдері бір марқайып қала берді. Осы сәттен бастап халықтың жүрегі тек қуаныш деп лүпіл қақты. Кеңес Одағының тұрғындары 1418 күн мен түндерді осы шаттық хабарды естуді аңсаумен өткізді. Қазір көптеген көшелер мен оқу орындарына батырлардың есімдері берілді. Бұл да болса біздің оларға деген рахметіміздің бір көрінісі. Бірақ өкінішке орай бүгінде сол ардагер-батырларымыздың саны сиреп қалды. Қазірде тек 6 мыңға жуық соғыс ардагері қалды. Олардың ең жасының өзі ендігі 90-ды еңсеріп қалғандар, жартысына жуығы төсектен тұра алмас халге жеткен қарттар. Өмірде ұрпақ үшін берерін аямаған қарияларға мәңгі тағзым ету біздің парызымыз. Батырларымыздың ерлік шежіресі ұрпаққа ұлағат, ертеңгі күнге үлгі боларлық сабақ болып тарих беттерінде алтын әріптермен жазылып қала бермек. Елбасының өзі айтқандай, «Жеңістің 70 жылдығына орай еліміздің барша өңірлерінде әрбір батырды еске түсіріп, тағзым етуіміз қажет. Қас дұшпанға қарсы атылған он оқтың тоғызы Қазақстанның қорғасыны мен жезінен құйылды. Ол жеңіс бізге аталардың қанымен, аналардың терімен келді. Ерлік ешқашан халықтың жадынан ұмытылмайды. Біз ата-бабаларды ұлықтап, есімдерін ұрпақ жадында жаңғырта беруіміз керек».

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Иә, ешкім де, ештеңе де ұмытылмақ емес. Келешекте Қазақстан тек гүлдене берсін! Көк аспанда бейбітшіліктің орнасын! Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне басымды ие отырып, болашақта атқан әрбір ақ таңымыз жаңа өмірге рахметпен басталсын дегім келеді.

Жер шарында әр елде.  
Айтады адал жан тегіс:  
Болмайды соғыс әлемде,  
Болмасын қайта қантөгіс.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Бақытбекқызы Ақниет**

5-сынып, Ә.Тәжібаев атындағы №36 мектеп-лицей  
Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті  
Жетекшісі: Сәбитқызы А.

**Желбіре, жеңіс жалауы!**

Соғыс қаншалықты қорқынышты ұғым болса, жеңіс соншалықты қасиетті ұғым! Себебі, бұл сөздің астарында баласын кемседеп күткен ата-ананың көз жасы, әкесінен айрылған баланың зар мұңы, тағдырына өкпелі жесірдің үні жатыр ...

Біз бұл жеңіске «Татулық» деген ұлы күштің арқасында жеттік. Кеудесін оққа тосқан аталарымыздың ерлігіне қарап, Отанына деген шексіз махаббатын ұғына аламыз! Осындай бейбітшілік заман үшін бас иеміз! Жылдар жылжып өтіп жатыр, бірақ біз жас ұрпақ осы күнді сыйлаған ата-бабаларымыздың ерлігін ұмытпаймыз! Бұл – киелі естелік. Отанын сүйетін әр азаматтың көкірегінде сайрауы тиісті естелік.

Желбіре, жеңіс жалауы!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Батылжанұлы Думан**  
5 сынып, №118 орта мектеп  
Жалағаш ауданы, Таң ауылы  
Жетекшісі: Ойнарова М.

**Атаға арнау**

Ұлы Отан соғысының ардагері Дүйсенбиев Уәли атаға арнау

Ұрпақ барда ерлік ұмыт қала ма?  
Қанша боздақ қалды жапан далада.  
Сұм соғыстың ізі өшпейді жүректен,  
Өтсе-дағы жетпіс жылдай арада.

Жеңіс деген көңілде сөз жатталып,  
Ер-азамат батыс жақты бетке алып,  
Туған жердің топырағын тұмар ғып,  
Атамыз да 19-да кете барды аттанып.

Төрт жыл бойы көрді қиын шайқасты,  
Жас та болса қайсарлықпен жауға қарсы айқасты.  
Батыстағы фашистерді жеңген соң,  
Екі жылы шекараны күзетуге жалғасты.

Қырық жеті шілдесінде туған жерге оралды,  
Келген бойда, алды қолға қамшы, кетпен, құралды.  
Араласып майданына еңбектің,  
Маңдай тердің тамшысынан алды рахат, құмарды.

Еңбек десе ел алдында көсілді,  
Шаруа жайлы сөз қозғаса шешілді.  
Еңбегіменел абызы аттанып,  
Бейбіт күнде он баланы өсірді.

Шығып бүгін тоқсан жастың төріне,  
Ұрпақтары құрмет қылып өзіне,  
Газет-журнал тастамайды қолынан,  
Көз әйнегін киіп алып көзіне.

Ауылымның ақсақалы, абызы,  
Уәли ата батыры елдің, нағызы.  
Мақтан тұтып ардақтайды бүкіл ел,  
Қуат беріп, 100-ден асын маңызы.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Батырханов Бауыржан**

5-сынып, Ә.Тәжібаев атындағы №36 мектеп-лицей

Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті

Жетекшісі: Сәбитқызы А.

**Ер есімі ел есінде**

Биыл Ұлы Отан соғысының жеңіс күніне 71жыл толды. Бұл соғыста көптеген қазақ азаматтары құрбан болды. Біздің аталарымыз фашистермен күресіп жеңіске жетті. Аға-апаларымыз өзінің өмірін біздің жарқын болашақ үшін, еліміздің тәуелсіздігі үшін өз өмірін қиды. Сондықтан біз оларды ұмытпай, 9-мамыр күні еске түсіріп, тағзым етуге міндеттіміз. Жақында осы соғыста «Қыршын кеткен жастардың болашаққа жазған хаттары» атты теледидардан бағдарлама болды. Осы бағдарламаны көріп, мен бір ойға келдім. Олардың құрбандықтары бекер емес, фашистермен күрестен жеңу - ең үлкен жеңіс және біз болашақта осы азаттықты қадір тұтып, елімізге қорған болып, осындай сұрапыл соғыстың қайталанбауына жол бермеуіміз керек. Біз өскелең ұрпақ, аталарымыздың қиын сұрапыл соғыстан жеңген жеңістерін, қан майданда ерлікпен шайқасқан еңбегін ешқашан ұмытпаймыз!

**Бердалі Медғат**

11 сынып, № 272 мектеп

Байқоңыр қаласы

Жетекшісі: Байекеева А.

### **Адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыс**

Ұлы Жеңіске 70 жылдан асып барады. Жеңіс деген сөзді естігенде қанша адамның жүрегі қуаныштан лүпілдеді, қанша адам қуаныштан көз жасын төкті. Кеңес Одағының халқы күндей күркіреген соғыс жылдарында 1418 күн мен түнде, бүкіл жан-тәнімен Жеңісті жақындатуға тырысты.

Қанша адам мерт болды, қаншасы мүгедек болды. Қазіргі бейбіт күннің ұрпақтары Жеңіс күнін жақындатқан, фашизмге қарсы аянбай күрескен әрбір майдангерге қарыздармыз. Менің аталарым да соғыс басталғанда ер азаматтармен бірге майданға аттанған екен. Үлкен атам Әлібек 1942 жылы соңғы хатынан кейін хабар-ошарсыз кеткен. Әбдіраман атам еңбек майданына алынып, соғыстың аяғына дейін еңбек етті. Біздің бейбіт заманда өмір сүруіміз үшін өз өмірлерін қиған аталарымды мақтан тұтамын. Өзім оқитын мектепте Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған стенд бар. Тәрбиеші апай соғысқа қатысқан аталарыңның суреті болса әкеліңдер дегенде мақтанышпен екі атамның суретін елден бұрын әкеп бергенмін. Күн сайын мектепте олардың суреті ілулі тұрған 1-қабатқа арнайы барып, қарап өтемін. Үлкен тәтем осы мектепте тарих пәнінен сабақ береді. Тәтем айтады: жоғары оқу орнын бітірген соң өз туған ауылыма келіп мектепке орналастым. Жас маманмын, жұмыс істеуге құлшынысым зор, қайда жиналыс болса мені жібереді. 1986 жылы 9 мамыр Жеңіс күніне орай, совхоз партия ұйымының хатшысы шақырып алып, 9 мамыр мерекесіне байланысты салтанатты жиын болады, соған баяндама оқисың деді. Қолыма бір парақ қағаз берді, бұл ардагерлердің тізімі деді. Баяндаманың соңында ардагерлердің аты-жөндері аталып алғыс айтылды. Үйге қайтып келе жатқанда көрші ата: балам, жаңа баяндамаңда Жұматайды атамадың ғой деді. Мен: маған парторг берген тізімді оқыдым дедім. Ертеңіне мектепке барған соң да бір-екі үлкен ағайлар маған осы ескертуді тағы айтты. Сосын парторгке бардым. Мына кісінің аты-жөні неге сіз берген тізімде жоқ? деп сұрақ қойдым. Ол кісінің сондағы айтқаны: ол тұтқынға түскен. Түркістан легионында болған. Өзім тарихшы болған соң ба, сол кісі жайлы ауылдағы ардагерлерден сыр тартамын. Таң қалғаным ардагерлер ол кісіні опасыз, сатқын санамайды, керісінше сыйлайды, аяушылық білдіреді. Ол кісі де ауылда тәп-тәуір қызмет атқарады, кадр бөлімін басқарады. Содан кейін сол кісіні көрсем өз-өзімнен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

куыстанамын, сол кісіге әділетсіздік жасағандай сезініп жүрдім өзімді. Соғыстан кейін ол кісі 10 жыл түрмеде отырып жазасын өтеген. Үнемі қабағы ашылмайтын, басын тік ұстап, езу тартып күлмейтін кісі еді. Балалары мектепте оқыды, қатал тәрбиемен өсті. Мектептегі соғыс ардагерлеріне арналған стендіде ол кісінің суреті жоқ еді. Үлкен тәтемнің осы әңгімесінен кейін ойланамын. Неміс концлагерінде тұтқында болғандар қандай азапты бастан кешірді, сол зұлматтан тірі қалғандар, Отанына опасыздық жасады деп Кеңестік лагердің азабынан өтті, одан аман-есен келіп кеңестік органдардың жоғарыда айтылғандай әділетсіздігіне ұшырады. Сонда да сыр бермей өле-өлгенше сол ауылда еңбек етті. Жау қолына тұтқынға түсіп қалған жауынгерлерді сатқын санаған көзқарас тек Кеңес өкіметінің ғана саясатына тән құбылыс болды, ал халықаралық қауымдастықта соғыс тұтқындарына гуманизммен қарау дәстүрі қалыптасқан болатын. Соғыс жүргізудің ережелерін және тұтқындардың құқықтарын белгілеген халықаралық келісімдер XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ жасала бастады. Тұтқында болған жауынгерлер қатаң бақылаумен Кеңестер Одағына айдалды. Олар өз елдерінде өздерін күтіп тұрған сұмдық азаптауларды сезіп, пойыздардан секіріп, өлім жолдарын таңдады. Зерттеушілер 1943-1947 жылдар арасында елге қайтарылғаннан кейін өлім құшқан кеңестік тұтқындардың саны 500 мың мен 1 миллионның арасы деп шамалайды. Тәтем айтады: ауылдағы соғыс ардагерлерінің бір де бірі Жеңістің 70 жылдығына жеткен жоқ, бірнеше жылдар бұрын қайтыс боп кетті. Қазақстан да алғашқы күннен бастап-ақ жұдырықтай жұмылып, еліміздің түпкір-түпкірінен әскери комиссариатқа еріктілер ағыла бастады. Қазақстан Ұлы Жеңіске айрықша үлес қосты. КСРО-дан Қазақстанға ауыр, жеңіл өнеркәсіп орындары көшірілді. Қазақстан экономикасы да соғыс қажетіне қарай қайта құрылды. Қазақстан соғыстың мықты тылына айналды. Әсіресе теміржолшылардың еңбегі орасан зор болған. Естуімше үлкен нағашы атам теміржолда жол мастері қызметін атқарып, соғыстан арнайы броньмен қалдырылған. Соғыс уақытында теміржол стратегиялық маңызды шикізаттарды тасымалдады. Жалпы, 1941-1945жж Қазақстанда 460 өндіріс ошағы болған. Қазақстанда бүкіл әскери экономикаға қажетті қорғасынның 85% , мыстың 35%, Молибденнің 60% , полиметалл кендерінің 79% өндірілген. Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат баласына үлкен қасірет әкелді. Оған 1,7 миллиард халқы бар 61 мемлекет қатысты. Соғыс қимылдары 40 мемлекеттің территориясында жүріп, 110 миллион адам әскер қатарына алынды, 60 миллион адам қаза тапты.

Отан үшін өмірін құрбан еткен тағдырларды естен шығармау – патриоттық тәрбиенің басты тақырыбы. Миллиондаған адамның өмірін

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жалмаған әрі мерейін үстем еткен соғыс халық санасынан ұмытылған жоқ. Оның ауыр сабақтары біздің санамызға ұялап, қазіргі ұрпақтарды қырағылыққа, ерлікке баулып, жарқын болашағымызды қорғауға әрдайым дайын тұруға шақырады.

Сұрапыл соғыста шейт болған ардагер аталарымыздың ерлігін құрмет тұтып, алғысымды білдіру мақсатында өлең жолдарын арнадым.

### **Майдангерім еленді маңдай терін**

Көктеме. Қар еріген көше батпақ  
Күндіз еріп шуақпен, түнде қатқак  
Қарт майдангер аяңдап келе жатыр  
Құрғақ жерді қуалап аттап-аттап.

Күш түсті ме жаралы аяғына  
Демалып тұр сүйеніп таяғына  
Жан-жағына қарайды іздегендей  
Жоғалтқан жастық шағын баяғыда.

Амандастым алдынан шығып шалдың  
Қос қолыммен салалы қолын алдым  
Мына жуан білекпен қан майданда  
Қанша фашист әскерін қырып салдың?

Бір әңгіме естісем қариядан  
Су ішкендей боламын дариядан  
Естелік қып ұрпаққа айтып кеткін  
Ештеңе құнды емес жариядан.

Есіне түсті-ау сол сәт көргендері  
Мен өмірден көп нәрсе көргем деді  
Майданның ортасына салды апарып  
Ауылда жылқы бағып жүрген мені.

Соғысқа кеттік бірден араласып  
5-жыл бойы жауменен жағаласып  
Ерлік жасап көптеген орден алып  
Ортама сыйлы болдым бағам артып.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Кеудесінде жарқырап ордендері  
Ерлікке толы сірә жүрген жері  
Қаншама адам жарақат алды деді  
Олардан да көп болды өлгендері.

Ақсақал әңгімесін жалғай берді  
Көз алдына әкеліп шалғай жерді  
Отан үшін от болып лапылдапты  
Қайсар ердің төгіліп маңдай тері.

Жауын жеңіп еліне оралыпты  
Ауыл біткен ерінен тоналыпты  
Бұрынғы ісін қайта жалғастырып  
Қолына алыпты қыл бұғалықты.

70-жыл өтті міне онан бері  
Еңбегіммен атандым Еңбек Ері  
Зейнетке шықтым деді күлімсіреп  
Үйде бағып отырмын шөберемді.

Құттықтап жатыр елі жайсаң ерін  
Майдангерім еленді маңдай терің  
Өзіңді іздеп жүремін сол көшеден  
Құмарым жатса сөзге қанбай менің.

Бір-бірінің келтіріп берекесін  
Қарт келеді жетектеп шөбересін  
Халқыңмен бөлісуге келемісің  
Жеңістің 70-жылдық мерекесін.

Қарттарым әрқашанда аман болсын  
Ел ішінде құндырақ бағаң болсын  
Қой үстіне бозторғай жұмыртқалап  
Әлемде бейбітшілік заман болсын.



Бижұма Сандұғаш

11 сынып

Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылы

Жетекшісі: Әбдіқадыров Е.

## Ұлы Отан Соғысының батыры Мәлік Ғабдуллин

Ұлы Отан Соғысы ... Кімге де болса қиыншылық көрсеткен сұрапыл жылдар. Ел басына күн туғанда, етегімен су кешкен есіл ерлерде шек жоқ. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Бауыржан Момышұлы, Нұркен Әбдіров, Төлеген Тоқтаров, Әлия Молдағұлова т.б қазақ батырлары өлшеусіз үлес қосты. Осындай ерлік көрсеткен ұлы тұлғаның бірі- Мәлік Ғабдуллин.

Ол 1915 жылы 15 қарашада Ақмола облысы, Зеренді ауданына қарасты Қойсалған ауылында дүниеге келген. 14 жасынан бастап атақты Сәбит Мұқановтың тәрбиесін алады. Қазақ жазушысы, әдебиет зерттеуші, қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы (1959), профессор (1959), КСРО Педагогика ҒА-ның академигі (1959), Кеңес Одағының Батыры (1943). Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1961). М.Ғабдуллин 1935 жылы Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. 1941-1945 жылдары Кеңес әскерінің генерал Панфилов бастаған даңқты 8-гвардия дивизиясы сапында болып, Ұлы Отан Соғысына қатысты.

Оның бұл ерлігі алғаш рет белгілі жазушы Б. Полевойдың "Правдада" жарияланған "Эпостың тууы" атты очеркінде баяндалды. Көптеген қазақ ақындары Ғабдуллинге арнап, өлең-жырлар шығарды. 1941 жылы ел басына күн туып Ұлы Отан соғысы басталғанда алғашқылардың бірі болып өз еркімен майданға аттанады.

Соғыс кезінде қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметоваға қамқоршы аға болады. Тіпті, Мәншүктің қазасынан кейін оған Батыр атағын бергізу үшін М.Ғабдуллин үлкен еңбек сіңіреді. Бұл жайлы ҰОС ардагері Байуақ ардагер мәлімдейді. Мәншүктің қазасын ести салысымен, ол дереу Невель қаласына

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

келеді. Мәлік келе-сала: «Мәншүкке не жасап жатырсындар?» – дейді. Олар екінші дәрежелі Отан соғысы орденіне ұсынғандарын айтады. Мәлік жатып кеп ашуланады. Сосын тұрып: «Айтындаршы, Алматы мен Мәскеудің арасы қанша шақырым?» – дейді. Біреуі «4800» десе, біреуі «5000 шақырым» деп жатады. «Мейлі, 4 мың-ақ болсын. Басқаны қойып, қазақтың жиырмаға жаңа шыққан қызы сонша жерден Отанымды, Мәскеуді қорғаймын деп келіп, қолына орыстың винтовкасын алып, соғысамын деуінің өзі сендерге ерлік емес пе? Осыдан артық немене керек? Дереву құжаттарын қайта дайындаңдар. Комсомолдың Орталық комитетінің бірінші хатшысы Михайловқа, болмаса маған Батыр атағын берген Калининнің өзіне барам. Тіпті, Ворошиловқа кірем. Одан түк шықпаса, менің Мәлік атым құрып кетсін, өзімнің жұлдызымды берем» деп, қайтадан дайындалған құжаттарды алып кетеді. Алты ай дегенде Мәншүкке 1944 жылы 5 наурызда Батыр атағы беріледі. 1942 жылы Новгород облысына қарасты Холм қаласының маңында болған ұрыста Батыр солдаттардың біразына басшылық етеді. Ол басқарған сарбаздар фашистердің тісіне дейін қаруланған әскеріне тойтара соққы береді. Ұрыстың нәтижесінде жаудың екі танкісін гранатамен жарып, жаудың 12 солдатын тұтқынға алады. Ұрыс кезінде Мәлік Ғабдуллин жарақат алады. Алған жарақатына қарамастан, жауға қарсы оқ боратады. Осы қанды шайқаста қаһармандықтың асқан үлгісін көрсетіп, 1943 жылы 30 қаңтарда Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Мәліктің жаужүрек батырлығы жөнінде очерк жазған Борис Полевой темір өзек жауынгерлерін көзімен көріп, таңғажайып ерліктеріне елжіреткен дивизия командирі, генерал-майор И.В.Панфиловтың толғанысын былайша суреттейді. “...Өзінің көргісі келді. Сұңғақ бойлы, талдырмаш жасты Панфилов ұзақ айналдырып қарады. Шынын айтқанда, Мәліктің денесіне соғыстың әскери киімі әлі қона да қоймаған кезі еді. “– Мә, саған ғылым адамы! Жарайсың! Жаман солдат болмас-сың”, – деді ол Мәлікке жарықшақты дауысымен. Сөйтті де, Мәлікті өзіне қарай тартып алып, кәдуілгі орыс халқының әдетінше, бетінен үш рет сүйді. Бұлардың қасында жақын тұрған адамдар, көп езу тартпайтын, салқын жүзді атақты генералдың сыр бермейтін жүзінде әкелік қуаныштың лап бергенін байқасып қалысты”, – дейді ол. Етігімен су кештіріп, қанды көбік жалатқан қатыгез күндер өз батырын осылай тудырды”.

Қазақ халқының алдында Азамат ретінде өзін сан мәрте дәлелдейді. Оның тұлға ретіндегі ерлігін 2-ге бөліп қарауға да болады. Бірі- сұрапыл жылдары елді жаудан қорғаса, екіншісі, қазақтың бай мұрасы ауыз әдебиетін, тарихын 1950 жылдардағы қиыншылыққа қарамастан батыл зерттейді. М.Ғабдуллин осындай ерліктердің талайын бастан өткізген.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

"Менің майдандас достарым" (1947), "Алтын жұлдыз" (1948), "Майдан очерктері" (1949), "Сұрапыл жылдар" (1971) атты кітаптарына енген әңгіме, очерктерінде М.Ғабдуллин майдан өмірін суреттеп, жауынгер тұлғасын, кеңес өкіметінің адамдарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі қаһармандық бейнесін суреттеді. Педагог-жазушы ретінде ол жас ұрпақтың тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлді. "Ата-аналарға тәрбие туралы кеңес" (1966) деген кітабында М.Ғабдуллин бесік жырынан бастап, батырлар жырына дейінгі халық поэзиясының тәрбиелік мәнін ашып, оны іс жүзінде пайдаланудың тәсілдерін көрсетеді. Сонымен бірге балаларды патриотизмге, шыншылдыққа тәрбиелеу, олардың болашаққа сенімін арттыру, жас баланы дұрыс сөйлеуге үйрету жөнінде ата-аналарға педагогтық кеңес береді. Кеңес Одағының Батыры атағына ие болғанда былай деген екен: «Батыр атағына ие болған мен емеспін, ол қазақ халқына берілген атақ. Неге десеңіз, менің аты-жөнімді біліп жатқан адам аз, ал қазақ деген халық барын білетіндер көп. Егер майданда біреу ерлік жасай қалса, онысы көпке тарай бастаса, жұрттың ең алдымен сұрап білгісі келетіні – сол жауынгердің ұлты кім екен? – деген болады». Майданда жүрген қазақ жігіттері жаумен жақсылап соғысып, ерлік жасаса, ол тек өз қарабасының ғана емес, халқының атын шығарады ғой... «Мен еш уақытта да ерлік жасау туралы, Батыр атағын алу туралы ойлаған емеспін, менің барлық ой- арманым отан алдындағы өзімнің парызымды қалай адал атқару керек дегенге тірелетін» Міне, қазіргі заман жастарына патриоттық тәрбие осылай берілсе керек. Иә, ерлік ешқашан ұмытылмайды. Себебі, Мәлік Ғабдуллин сынды батыр-ғалымның мол мұрасы, ұрпақтан–ұрпаққа жете берері анық.

**Данияр Айдана**

7 сынып, №49 мектеп

Шиелі ауданы

Жетекшісі: Оразымбетова Б.Қ.

### **Соғыстың салған жарасы**

Мен – Данияр Айданамын. Менің атам – Ахметов Данияр соғыс басталғанда небәрі бес жаста екен. Әжем – Ауанова Шаһар 1941 жылдың қыркүйегінде дүниеге келген. Олар - соғыс көрмесе де, оның сұрапыл салқынын өз жүректерінен өткізген жандар. Әжемнің ағасы – Ауанов Әзімхан, яғни түп нағашым 1921 жылдың 1 ақпанда Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы Жөлек ауылдық округінде туылады. 4 сыныптық білімі болған. Нағашы атам соғысқа кеткенде, әжем әлі есін білмейтін сәби екен. Содан тілі шығып, есі кіре бастағаннан майданға кеткен бауырының аман қайтуын тілейді. Анасы Мәрия әжеміз екеуі қашан көзі ұйқыға кеткенше күбірлеп, жаратқанға жалбарынады.

Әзімхан ата 1942 жылдың 29 мамырында 393- атқыштар полкінің құрамында ұрысқа кірген. Сол жылдың 20 маусымында жау қолына тұтқынға түседі. Оны тұтқыннан 1945 жылдың 9 мамырында Кеңес әскерлері босатады. 1945 жылдың маусымынан 1946 жылдың мамырына дейін 138 - атқыштар полкінде әскери қызметін жалғастырады. Елге 1946 жылдың 10 шілдесінде келеді. Ешқандай жарақат, контузия алмаған деп жазылған құжаттарында. Ол туралы білетін аз – кем дерегіміз осы ғана.

Атам елге келген соң үйленіп, балалы-шағалы болады. Үш ұл, үш қыз тәрбиелейді. Шиелі аудандық тұтынушылар одағында ұзақ жылдар абыройлы қызмет атқарады. Көзін көрген кісілердің айтуынша, ол өте сауатты, орысша, қазақшаға бірдей, өз ортасына беделді адам болған. Ол кісі соғыс туралы әңгімені ұнатпайды. Балаларына бірде-бір рет естелік айтпапты. «Тіпті Жеңіс мерекесі жақындағанда еңбек демалысын алып, Қырымға тартып отыратын», - деп еске алады Мәскеуде тұратын үлкен қызы Баһар. Денсаулығына қатты мән берген. Жыл сайын курортқа баруды әдетке айналдырады. Не жақындарына, не балаларына тіс жарып, шындығын айтпаған. Әжемнің айтуынша, Кеңес заманында тұтқынға түскендерге күдікпен қарайтын болған. Атам содан қаймықты ма әлде айтуға болмайтын құпиясы болды ма, ол жағы бізге белгісіз. Әйтеуір көзі тірісінде майдангерлерге көрсетілетін құрметтен қағажу қалғаны анық. Құшағы гүлге толып, салтанатты жиындардың төрінде отырмаса да, мемлекет тарапынан алған наградалары баршылық. «Германияны жеңгені үшін» медалі, Ұлы

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Жеңістің 20 жылдығына, 30 жылдығына, СССР Қарулы күштерінің 30 жылдығы мен 60 жылдығына арналған мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1982 жылы «Еңбек ардагер» медалі берілген. Ұлы Отан соғысына қатысушының куәлігін алып, оларға жасалатын жеңілдіктерді толық пайдаланған.

Жайшылықта жайсаң мінезді атамның соғыс тақырыбын қозғағанда түнере қалатынын байқаған әжем жанын жараламайын деп, ештеңе сұрамапты. Өткен жылы ғаламторға кіріп, Ресейдің Сыртқы Істер Министрлігінің сайтынан атам туралы тың дерек таптық. КСРО Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен 1985 жылы 6 сәуірде Ұлы Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында оған ІІ дәрежелі Отан соғысының ордені берілген екен. Атамды 1984 жылы 10 шілдеде Шиелі вокзалында жұмыстан қайтып келе жатқанда маневр жасап жүрген локомотив қағып кетеді. Қайғылы қазадан есеңгіреп қалған әжем ол кезде орденін кімге табыстағанын есіне түсіре алмады. Кейіннен бұл сұрақтың жауабын тапқандай болдық. Жаңалықтардан Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры Сағадат Нұрмағанбетовтің дәл осындай марапатқа ұсынылғанын білдік. 30 жылдан кейін, яғни 2015 жылы кешігіп келген наградасын генералдың қызына тапсырады. Сол сияқты атамның ордені де кешігіп жатқан болуы мүмкін.

«Бұл соғыстың салған ылаңы көп», - дейді әжем. Қаншама шаңырақ ортасына түсіп, түтіні өшті. Қанша ана жесір атанып, қанша бала жетімдіктің зардабын тартты. Ауылда бұл зұлматтың тақсіретін тартпаған бірде-бір үй жоқ. Біреудің әкесін, біреудің бауырын, біреудің жарын қатыгез соғыс жалмады. Қаншасы із-түссіз, хабарсыз кетті. Майданнан жарымжан, мүгедек болып оралғандар қаншама. Тіпті аман-сау оралғандардың жан жарасы өле - өлгенше жазылмай кетіпті. Әжемнің көңілінде де көп сұрақтар жауапсыз жатыр. «Әзекеннің (әжем ағасын осылай атайды) сыры өзімен бірге кетті. Жүрегінде бір ауырлық бар екенін сезетінмін. Тұтқынға түскендерді үкімет аяған жоқ. Соғыстан кейін оларды он жылға соттап жібереді. Әзекенді соттамағанына қарағанда, жау тылына өздері арнайы тапсырмамен жіберді ма екен?» - деп, ойы сан-саққа жүгіреді. Ертеректе үлкен кісілерден Әзекен Фин соғысына қатысқан болуы керек деген болжам естіпті. Бірақ оны дәлелдейтін деректер таба алмаған.

Атам батыл, тәуекелшіл, ер мінезді адам екен. Жас кезінде талай рет көкпар шауыпты. Балаларына мейірбан әке болған. Анасы – Мәрия әжемізді қатты қадірлепті. «Ағайын-туғанға қамқорлық көрсетіп, қол ұшын беруден жалықпайтын» деп еске алады әжем. Мәрия әжемізбен екеуінің тілегі қабыл болып, ақ жарылқаған күні атамыз елге оралады. Алдынан тұлымшағы желбіреп шыққан бес жасар бүлдіршіннің қуанышында шек болмайды.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Мүмкін әжемнің періште тілегі шығар, атамды қауіп пен қатерден аман алып шыққан. Ол қарындасына әкесіндей қамқор болады. Соның арқасында ештеңеден кемдік көрмей өскен. «Мен бақыттымын, Әзекең соғыста опат болса, менің өзімнен кейінгі бауырларым дүниеге келер ме еді?» - деп шүкіршілік етеді әжем.

Менің түсінбейтінім – сол кездегі үкімет тұтқынға түскендерге неге сонша қатыгез, мейірімсіз болды екен. Жау қолына түсуді ешкім қаламайды ғой. Соғыс болмаса, тұтқын да болмас еді. Атам сияқты кісілер өздерін тірі қалғаны үшін кінәлі сезінді ме екен?! Тұтқында болып – бір, елге аман оралғанымен, отандастарының сенімсіз көзқарастарына ұшырап – екі күйзелген жауынгерлердің жан азабын немен ақтауға болады? Абай атамыз айтпақшы, «бұл жалғанда екі күй бір жанға әділет пе?»

Аудандық «Өскен өңір» газеті өткен жылы майданда қаза тапқан боздақтардың және бейбіт өмірде қайтыс болған жерлес жауынгерлердің тізімін жариялады. Арасынан жақын – жуықтарымызды іздейміз. Ұзын – сонар тізімдегілердің әрқайсысының әр қилы тағдыры бар. Майдан даласында қалған 4047 жауынгер мезгілсіз мерт болмағанда, қатарымыз қандай көп болар еді деп армандайсың.

Әжем «Өткенге – салауат, болашаққа - аманат» деп отырады. Онысы өткеннің сабақтарын келер ұрпақ жадынан шығармасын, бейбіт өмірдің қадірін біліп, қастерлеп өтсін дегені болар деп түсінемін. Біз Отанымыздың азаттығы жолында құрбан болған, жастығы Ұлы Отан соғысының от – жалынына шарпылған аға ұрпақтың ерлігін мақтан етеміз. Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылуға тиіс емес. Аталарымыз жанын сап қорғаған Отанымыз – қазіргі Тәуелсіз Қазақстан – Мәңгілік Ел болсын деп тілеймін.



Жақсылық Шұғыла

5 сынып, №251 М.Әуезов атындағы орта мектеп  
Шиелі ауданы, Бәйгекұм ауылы  
Жетекшісі: Бименді Ұ.М.

### Ұлы Отан соғысы

Соғыс -қантөгіс , кінәсіз адамдардың жапа шегуі және батырлардың біздер үшін , жас ұрпақтар үшін ,қазақ үшін ,қазақ даласы үшін өз өмірлерін қиюы.Соғыста ерлік көрсеткен батырлар өте көп.Мен сол батырлар үшін бас иемін. Соғысты батырлар жеңіспен аяқтау үшін барлық күш жігерін жұмсап,ерлік көрсеткен.

Екінші дүниежүзілік соғыс адамзат баласына қайғы-қасірет әкелді.Соғыста барлық қазақстандықтар Отанын қорғауға айрықша үлес қосқаны тарих беттерінен мәлім.

Ел қорғауға қазақ батырлары белсен қатысып ,майданда небір ерліктерін ,үлгі өнегелерін көрсеткен.Соғыс кезінде барлығы майдан үшін , жеңіс үшін деп өшпес өнеге қалдырған.Ол сарбаздардың серті ұрпаққа мәңгі өнеге! Біз кең байтақ өлкемізді қаскөй жаулардан қорғауға тиіспіз.Сол соғыс үшін аналар күйеуінен,күйеулері әйелдерінен,әкелері балаларынан,балалары әкелерінен,ал біздің ел ақылгөй қарттарынан айрылды.Біз соғысқа қатысқан әр бір сарбазға бас иіуге тиіспіз.Біз қашанда ел мен жердің тәуелсіздігін ойлауымыз керек.

Ұлы Отан соғысы 1417 күнге созылды. Сол күндер бойы батырлар бейбітшілік үшін күрескен.Біздің ардагерлеріміз соғысты көрген .Сол соғыста көрген –білгендерін жас ұрпақтарға,бізге үйретеді.Олардың тәлім-тәрбиесін біз бойымызға жинап ,өскенде саналы болып өсеміз.Қазақтың ержүрек қыздары Әлия мен Мәншүк,қайсар ұлдары Бауыржан Момышұлы,Қасым Қайсенов,Рақымжан Қошқарбаевтар батырлықтың , ерліктің тамаша үлгілерін көрсетті.

Ел басына күн туған қиын-қыстау күндерде азамат жүгін арқалап мыңдаған қазақ қыз-келіншектері уақыт сынынан, тарих талқысынан сүрінбей өтті. Өздерінің нәп-нәзік қолдарымен жаралы жауынгерлерді от-жалынның арасынан алып шыққан, ең соңғы бір тамшы суын, бір шөкім тұзын жауынгер достарының аузына тосқан, беліне граната байлап жау танкісінің астына түскен, фашист эшелондарын құлатып, балаларды аман алып қалған, кейде тіпті ерлердің өзін де ұрысқа бастап алып шыққан от жүрек жандарға бас иесің.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Аяулы Әлия мен Мәншүгімді, - деп есімдерін ән-жырға арқау еткен шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк есімі бүгінгі ұрпаққа ерліктің ғажайып үлгісі. Ұлы Отан соғысының от-жалынды жылдарында ер-азаматпен бірге қолына қару алып, майдан шебіне аттанған Мәншүк пен Әлиядай қыздар сан жүздеп саналады. Көрсеткен ерлігі үшін Мәншүк пен Әлияға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Әлия, Мәншүк қайсар гүлі қазақтың,  
Ерлігіне таңданамын ғажап тым.  
Солар төккен қызыл қанның арқасы,  
Еліміздің аспанында азат күн.  
Желбіреді бейбітшілік жалауы.  
Орындалып жас ұрпақтың қалауы,  
Әлия, Мәншүк жүрегі боп жанып тұр.

«Мәңгілік от» ескерткіші алауы, - дей отырып шығыстың қос шынарының рухына бас иемін.

Ұлы Отан соғысы елдің елдігін, ердің ерлігін сынға түсірді. Алайда ол соғыстан көптеген адамдар қаза тапты. Жер бетіндегі барша баласын қатты алаңдатқан өткен ғасырдың ең қайғылы оқиғасы ретінде тарихқа кірген. Ұлы Отан соғысының аяқталғанына -71 жыл.

Уақыт зымырап өтіп барады, дүниеге ұрпақ артынан ұрпақ келуде. Сол ұрпақтар соғыстан оралғандарды да, соғысқа қатысқан әрбір ардагерлерді де әрдайым есте сақтап, үлгі тұтып жүретін боламыз. Тарих жылнамасында екінші дүниежүзілік соғыс деген атпен қалған. Ұлы Отан соғысында миллиондаған жазықсыз жандардың жанын қиып кеткен сол сұрапыл соғыста барша қазақстандықтар жауға қарсы «Ел үшін», «Жер үшін!» деген ұранмен қасық қандары қалғанша соғысты. Небір адамдар хабар-ошарсыз кеткен. Сол сұрапыл соғыс жылдары қазақ халқы Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін ұлттық намысын дәлелдеді.

Біздің Қазақстанда да соғыс оты шарпымаған шаңырақ кем де кем. Жүз мыңдаған ата-әжелеріміз соғыстың алғашқы сәтінде-ақ майданға аттанды. Осы қан майданда мерт болған ерлердің рухына бас иейік. Олардың ерлік істерін ешқашан ұмытпауға тиіспіз. Бұл жылдары әр азамат барынша күресе білді. Әрбір азамат өз Отанына деген антын орындап шықты.

Биыл Ұлы Жеңіске – 75 жыл. Қанша дегенмен уақыт өз дегенін жасайды. Жыл өткен сайын жаудың мысын басқан ардагер қарияларымыздың қатары азаюда. Адамзат осыншама уақыт ішінде сандаған саяси қақтығыс пен төңкерісті бастан өткерді. Қазіргі кезде оның барлығы тарихи кезеңнің бір бөлігі ғана. Алайда "өткенсіз болашақ жоқ" демекші, әр адам өз елінің тарихын білуі тиіс. .

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Елге қауіп төнбесін,  
Себепсіз адам өлмесін.  
Аман-есен болайық,  
Соғыс қайтып келмесін!  
Бейбітшіліктің туы желбіреген күніміз мәңгі жасасын!

**Жасұлан Нұрсұлтан**

5 сынып, №118 орта мектеп  
Жалағаш ауданы, Таң ауылы

### **Жетпіс жылдан кейін табылған сурет**

Дана халқымыз «Қарты бардың қазынасы бар» деген сөзді бекер айтпаған. Шежірешіл, батагөй қарттар қай жерде де елдің берекесін кіргізеді, өмірдің ыстық-суығын бастан өткізген аталардың кейінгіге айтары да көп болады. Оның үстіне ағайынның бірлігін, ауылдағылардың ынтымағын сақтайтын ардагер ағаларымыз қашан да ел арасында құрметке бөленіп жүреді.

Міне, Ұлы Жеңістің де 70 жылдық мерекесі келіп қалды. Осыған орай, баспасөз беттерінде жарияланған әрбір мақалаларды оқи отырып өз атамды еске аламын. Атам туралы шығарма жазсам деп, ойланып жүргенімде, біз күтпеген үлкен жаңалық болды. Ақтөбе қаласының тұрғыны осы суретті біздерге тапсыруды аманат етіп, Мәдениет ауылының тұрғыны Болат ағайдан беріп жіберіпті.

«Өлшенген өмір бар», - деп Майлықожа ақын айтқандай, менің атам жетпіс алты жасында 2001 жылы өмірден өтті.

Атам 1925 жылы қазіргі «Таң» шаруашылығын қамтитын ауқымдағы елді мекенде туып, 1943 жылы Қармақшы аудандық комиссариаты арқылы әскерге алыныпты. Соғысқа аттанғанда он сегіз жаста болыпты.

Қиыр Шығыстағы әскери бөлімдердің құрамындағы 9-атқыштар полкінде болған. Жапонияға қарсы соғысып жатқанда жараланып, госпитальға түскен. 1950 жылы елге оралып, Қызылорда медучилищесіне оқуға түсіп, оны 1953 жылы бітіріпті. Оқу орнын бітіре салысымен ауданымызда денсаулық сақтау саласы бойынша қызмет етіп, 1985 жылға дейін осы салада жұмыс атқарған кісі. 1985 жылы Аққыр совхозынан зейнеткерлікке шыққан.

Соғыста көрсеткен ерліктері үшін 2-ші дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Жапонияны жеңгені үшін» медалімен, мерекелік медальдармен марапатталған.

Атам өмірден өткенімен, менің жүрегімде өшпестей орын алған.

Соғыс туралы айтқан әрбір әңгімелерін өз аузынан естіген ата-анам біздерге айтып отырғанда, ерекше әсер аламын.

Бірде күтпеген жерден мынадай қызық оқиға болыпты. Ауылға Арал өңірінен құдалыққа келген бір кісі атамды көріп, таң қалып сен қалайша тірі

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

қалдың деп сұрапты. Атам ол кісіні қайдан көргенін есіне түсіре алмай, кім екендігін сұраған. Сұраса келгенде, Ұлы Отан соғысы кезінде, атам жараланғанда осы кісі госпитальға, дәрігерлерге апарып тапсырған екен. Алған жарақатынан тірі қалар деп ешім ойламапты.

Араға елу жыл салған кездесу бұл кісілерді ғана емес, сол жерге жиылған бүкіл жұртты таң қалдырыпты.

Атамнан тараған ұрпаққа келсек, он баласынан отыз бір немере, он шөбере бармыз. Қазір олар жан-жақта, әр түрлі қызметтер атқарады. Олардың да жақсы азамат болып, өмірден өз орындарын тауып, кірпіш боп қалануы атамның тәрбиесінің арқасы деп ойлаймын.

Ойымды қорыта келе, ақын Т Молдағалиевтың мына бір шумақ өлеңімен аяқтауды жөн көрдім.

Бір қауым ел соңына ерген атаның,  
Шөбересі ем шықты жақсы атағым.  
Отан жайын ойлаймын да жүремін,  
Ой түбіне бойлаймын да жүремін....

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Іскендір Ақбота**

6 сынып, №152 қазақ орта мектебі

Шиелі ауданы

Жетекшісі: Әлихан Г.Ә.

### **Жеңіс туын желбіреткендер**

Сын сағатта ерлігіміз де,  
елдігіміз де бойымыздан

табылды.

Н.Ә.Назарбаев

Мен өмірге келдім, алғаш рет анамды көрдім. Ия, ол маған өмір сыйлады, бағып-қақты, аялы алақанымен өсірді. Енді мен бақытты баламын. Көзімді ашып жан-жағыма қарасам, бәрі-бәрі керемет! Мектепке келесің, білім аласың, емін-еркін ойнап-күлесің. Осындай тамаша өмір оңайлықпен келмегенін сәби жүрегім сезеді. Оған себеп – «соғыс» деген қарғыс атқыр сөзді айтып, атам еріксіз көзіне жас алатын.

Соғыс. Осы бес әріптен тұратын қатыгез де сұмдық сөз құлаққа түрпідей тиетіні рас. 1941 жылы 22 маусым күні таңғы сағат төртте неміс фашистері бейбіт жатқан біздің Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасады. Шырт ұйқыда жатқан қарапайым халық ұйқысынан шошып оянды. Соғыс 1418 күнге созылды. Отан үшін қан майданға әкелер мен ағалар, аталарымыз аттанды.

Алақандай ауылымыздан да қаншама боздақтар жауға қарсы соғысты. Солардың бірі – менің атам Тәжімбетов Іскендір. Жастық шағының қиын кезеңдерін, әсіресе соғыс майданындағы ауыр арпалыстарды, күні-түні ұйқы көрмей, дамылдамай, жауға қарсы шайқасқанын, жолдастарына оқ тиіп, майдан даласында көз жұмғандарын атам үнемі әңгімелеп отырушы еді. Ол майданда «Катюша» машинасын жүргізген. Жаулармен бетпе-бет кездескенін, ұрыс даласында қаншама жора-жолдастарының қалғанын есіне жиі алатын.

Ескі суреттерге қарап, көзі жасаурайтын, жиі ойға шоматын ауылымызда қазір бір ғана ардагер қария бар. Туған елдің келешегін сақтауға күш-жігерін аямаған, соғыс жылдарының куәгері, тоқсанды еңсеріп қалған қарт майдангер атамыз Шәмші Мырзабаев жайнаған өмір мен бақытты ұрпақты көріп отыр. Ол бір аяғын майдан даласына тастап, жалғыз аяқпен туған жеріне оралған. Ол кісі біз үшін батыр, себебі жауды бетпе-бет көрді,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

шайқасты, сонда да жеңілмеді, өлімге қарсы тұрды. Осы орайда Ә.Сәрсенбаевтың мына өлеңі ойға оралады:

Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе, қарағым?  
Ол ақшаға сатқан жоқ  
Тіzedен кесіп аяғын.  
Еріккеннен де ұстап жүрген жоқ,  
Қолтықтағы ұзын таяғын...  
Денесін оқ пәршелесе де,  
Ел намысын қорғап қалды.  
Сен құрметте оны!  
Түсіндің бе, қарағым?  
Сенің келешегің үшін берді ол  
Азаттық жолындағы аяғын!

Ел басына күн туып, ер азамат етегімен су кешкен кезеңде қазақстандықтардың Отанын қорғауға айрықша үлес қосқаны белгілі. Ел қорғауға қазақстандықтар белсене қатысып, майданда кеудесін оқ пен отқа тосты. «Бәрі майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деген өшпес ерлік өнегесін қалдырған сарбаздардың серті ұрпаққа мәңгі өнеге! Тарихи мәліметтерге қарап отырсақ, кең байтақ елімізді сұм жаудан қорғауға Қазақстаннан бір миллион үш жүз отыз алты мың адам майданға аттанып, оның төрт жүз он мыңнан астамы қаза тапты.

Сыр жерінен жетпіс мыңнан астам адам қан майданға аттанды. Жерлестеріміз ерлік пен елдіктің үлгісін танытты, Отан алдындағы парыздарын адал атқарды.

70 жыл бұрын Жеңіс туын желбіреткен батырлар – бүгінде ел тілеуін тілеп отырған ардагерлеріміз - жастарға үлгі-өнеге, ел татулығымыздың ұйытқысы, халықтың құты болып отыр.

Халқымыздың даңқты ұлдары мен қыздарының майдан және тылдағы өшпес ерлігі мен ерен еңбектері ешқашан ұмытылмайды. Уақыт алға жылжыған сайын бұл ерліктің шоқтығы биіктеп, қадір-қасиеті мен бағасы артып, даралана түседі. Жеңіс бізге миллиондардың төгілген қанымен келді.

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да биыл 71 жыл. Қан майданда ажалмен арпалысып жүріп, ғажайып ерлік жасаған аға ұрпаққа деген құрмет сезіміміз еселене түседі. Елдігіміз бен ерлігімізді, отансүйгіштігімізді паш етті. Олар жасаған ұлы ерлік ешқашан ұмытылмайды, ол мәңгілік қалады.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Ауылымызда Жеңістің 70 жылдығына орай «Ер есімі – ел есінде» атты мемориалды тақтаға майдангер аталарымыздың аты-тегі жазылып, «Ерлік ешқашан да ұмытылмайды» тақтасына суреттері қойылып, «Ардагерлер алаңына» ағаштар егілді. Осы ардагерлердің ішінде менің Іскендір атамның болғанын мақтанышпен айтамын. Келер ұрпақ, яғни біздер, майдангерлердің ұрпағымыз. Осындай заманда бақытты өмір сүріп жатқанмыз ержүрек бабаларымыздың арқасы екенін ерекше мақтанышпен құрмет тұтамыз. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы егемен елімізге, Сыр халқына құт-береке, мол байлық, нұр шуақты бақыт әкелгей!

Бола ма соғыс -

Біздікі Жеңіс!

Бірақ та соғыс

Болмасын деңіз! – деп, сөзімді аяқтағым

келеді.



Қазыбекова Алтынай

7-сынып, №152 қазақ орта мектеп

Шиелі ауданы

Жетекшісі: Әлихан Г.Ә.

### Жеңіске 71 жыл!

Иә, осы күнгі бейбіт өмір оңайлықпен келген жоқ. Қатал тағдырдың соқтырған азабы соғыс алаңындағы соқталдай азаматтардың жүрегінде жазылмастай жараға айналды. Бәрінің көкірегін кернеген жалғыз ой - Жеңіс туының көкке желбіреуі, ағайынның туып-өскен атамекенге аман-есен оралуы болатын. Алайда қар жастанып, мұз төсенген азаматтарымыздың қаншасы майдан шебінде шейт болды. Бірақ Отан-ана, Жер-ана, абыройлы қазақ елі алдындағы жауынгерлердің азаматтық борышы, өмірге құштарлығы, елге, жерге деген сүйіспеншілігі мен зор сенімі оларды тек жеңіске жетеледі. Тарихта баяндалғандай, жеріміздің, еліміздің амандығын ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғаған ата-бабаларымыз секілді Ұлы Отан соғысының зұлматты шақтарында ержүрек жауынгерлеріміз кең сахара даламызбен тұтас Отанымыздың амандығын, баянды, бейбіт болашағымызды өжет ерлікпен қорғап шығып, ұлы жеңіс салтанатын күллі әлемге паш етті. Тылда да майданға аттанған жауынгерлердің, оққа ұшқан боздақтардың отбасында тағдыр тауқыметі - үлкен қиындық орын алды. Елдегі ақ жаулықты аналар, сүйіктілерін, ерлерін майданға аттандырған қыз-келіншектер, буыны қатпаған балалар белдері бүгіліп, ұзақты күн білегі талып, «Бәрі де Отан үшін, бәрі де жеңіс үшін!» деп ұрандатып еңбек етті. Сондықтан тағдыр тауқыметінің кермек дәмі осы жылдары тер төккен әрбір жанның есінен кетпесі анық.

Міне, адамзат тарихында мәңгі өшпестей болып сақталып қалған 4 жыл, яғни 1418 күнге созылған ең суық та сұрапыл соғыстың аяқталғанына 71 жыл толғалы отыр. Қаншама жылдар бойы өшпес ерліктің үлгісін көрсеткен миллиондаған адамдардың, қаһармандықпен шайқасқан азаматтар мен азаматшалардың қатарында қазақ елінің өжет ұлдары мен қыздары да ерлікпен шайқасты.

Алтынның сынығындай болған сол аяулы да құрметті азаматтардың қатарында Сыр бойынан қару ұстап, жауға қарсы қасқайып тұрған бүгінгі егемен елдің ардақты ақсақалы болып аты аңызға айналған қарттарымыз баршылық. Олар от пен суға түсіп, сыз жертөлелерде тоңып, өр ағысты өзендерді кешіп, біздің жақсы өмір сүруіміз үшін денсаулығы мен қажыр-қайратын беріп, жарқылдаған жас өмірін құрбан етті. Қасықтай қанын төгіп,

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Ұлтарактай ата қонысын жау қолына бермеу үшін сұрапыл соғыс майданында ерлікпен, өжеттікпен күресті. Осындай қантөгіс соғыстың ауыртпалығын қайсарлықпен көтере білген, қиындыққа толы парасатты да, мағыналы ұзақ ғұмырды бастан кешкен жерлес аталарым көп. Олар Алиакбар ата, Шәмші ата, Шәкір ата.

Мектебімізде майдангерлер жайында іс-шаралар өткізіледі, сонда мектепке ардагер аталарды шақырып, арнайы сыйлықтар табыстап, баталарын алып, соғыстағы ерліктері жайында әңгімелеуін сұрайтынбыз. Өкінішке орай, 2015 жылы қос бірдей майдангер Алиакбар ата мен Шәкір ата қайтыс болды.

Ардагерлердің арасындағы Шәкір Оразбайұлы ата маған жақсы таныс еді. Елге ерекше сыйлы, қадірменді қариялардың бірі болды. Ұзақ жылдар партия, кәсіподақ, ауыл шаруашылығы жұмыстарында абыроймен қызмет етті. Сан салалы жұмыстар арасында сезімі сергек, зейіні зерек жан шығармашылықпен де айналысқан. Ол кісі менің көршім болатын, үйіне барсақ, ерліктері жайында әңгімелеуді өтінетінбіз. Шәкір ата да бас тартпай

соғыстың сұрапыл кезеңдеріндегі қиындықтарды айтып беретін. Бізге соғыс жайында айтқанда бойымды бір жағынан қорқыныш, бір жағынан мақтаныш билейтін. Біз келешектің бақытты жастарымыз, себебі Шәкір атаны тыңдағанда, соғысты көзімізге елестетуге қорқатынбыз, бірақ әңгіменің соңында соғыстың жақсы аяқталғанын естігенде, көңіліміз жадырап сала беретін. Міне, Шәкір ата да біздің бейбіт күніміз бен тыныш ұйқымызды қорғаған, аянбай тер төгіп, өлім мен өмірдің ортасында жүрген. Шәкір атаны, ол кісінің керемет әңгімесін қатты ұнататынбыз. Ол кісінің балалары қазір ата мен әже боп отыр, олар Шәкір атаның балаларға деген тәрбиесі бәрінен мықты болды дейді. Біз Шәкір атаның қартайған қарт кезінде дүниеге келдік, мен дәл қазір 13 жастамын, ол кісімен ес жиғалы небәрі 3-4 жыл болсақ та, Шәкір ата біздің жадымызда мәңгі сақталады. Мен есейгенде ол кісі жайында өз балаларыма өнеге ретінде айтып беремін. Атаның үйіне барғанда, бөлмесіне кіріп, бірінші атамның қолын алатынмын. Шәкір ата өмірден озған соң үйіне барғанда, орнының бос тұрғанын көргенде, денем мұздап сала береді.

Ұлы Отан соғысына менің нағашы атам Нұртаза Қалекеұлы да қатысқан. Менің есімімді сол кісі қойған екен, дегенмен атам мен дүние есігін ашпас бұрын қайтыс болыпты. Нұртаза ата аудандық қаржы бөлімінде 40 жыл, аудандық тұтынушылар одағының тексеру комиссиясы председателі қызметін 30 жыл, аудандық сотта 25 жыл заседатель болып еңбек еткен. Менің нағашы атам соғыс және еңбек ардагері. Нұртаза атам 1998 жылы қайтыс болған.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Ата! Жатқан жеріңіз жайлы болсын! Сіздей адам мен үшін қайталанбас тұлға.

Ұлы Отан соғысының еліміз үшін ауыр тигені рас. Қазақ отбасының қаншама шаңырағы ортасына түсіп, ойран болды. Бір отбасында бірі асқар таудай әкеден, бірі бауырынан, енді бірі ет жақындарынан айырылды. Ал, әлі ештеңені білмейтін, бұғанасы қатпаған балалар бақытты балалық шағымен ерте қоштасты. 1941-1945 жылдар аралығында болған соғыс қанша жанның өмірін қиды, қанша отбасын ер жігіттерінен айырды, қаншама апа-әпкелеріміз қара жамылды, көптеген бүлдіршіндер жетім қалды. Елде аштық, жоқшылық орнады, тылда кішкене баладан бастап, еңкейген қарттарға дейін еңбек етті.

Бүгінде соғысқа қатысқан ардагерлер азайып бара жатыр. Соғыс туралы әңгімелер ертегі сияқты. Көп қасірет әкелген соғыс енді қайталанбаса екен деп тілеймін. Неміс басқыншыларына қарсы соғыста қанша жауынгер ағаларымыз бен апаларымыз опат болды, қаншасы жарақат алды, от пен оқтың арасында жүрсе де берілмей, келешек ұрпақ үшін деп, қиындыққа қарсы күресе білді. Қаншама жауынгерлер майдан шебінде қайтыс болып, еліне жете алмай қалды. Қазіргі кезде хабарсыз кеткен жауынгерлерді іздестіріп жатыр, жақын туыстары табылған жауынгердің бейітіне туған жерінің топырағын апарып қоюда.

Ұлы Отан соғысының аяқталғанына 71 жыл толды. Біз 71 жыл бойы бейбіт өмір сүріп келеміз. Мұның бәрі ержүрек те батыл ағаларымыз бен апаларымыздың арқасы. Қазақстан қалаларының көптеген көшелеріне олардың есімдері берілген және ескерткіштер қойылған.

Біз - бақытты елдің ұрпағымыз. Осы күнгі бейбіт өмірге 1941-1945 жылдар аралығында бейбітшілік үшін күрескен ата-бабаларымызға алғыс айтуға тиіспіз. Бізге осындай бейбіт өмір сыйлағаны үшін, жеңіс сыйлағаны үшін, өз өмірлерін Отан үшін бергеніне алғыс айтуымыз керек!

**Қошқарбаева Толғанай**

11 сынып, № 273 орта мектеп

Байқоңыр қаласы

Жетекшісі: Раманкулова Г.А.

### **Қаһарман ұрпаққа тағзым**

Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар,  
ол-Отанға деген сүйіспеншілік.

Б.Момышұлы

Мен бейбіт заманның ұрпағымын.Қасіретті соғысты мен түгіл менің ата-анам да көрмеген.Елімізде тыныштық орнап, әрбір арайлап атқан таңды қуанышпен қарсы алғалы да 71 жыл.

Соғыс-адам баласы үшін ең үрейлі, ең қорқынышты сөз.Себебі соғыс атаулы адамзатты қырып-жоюға бағышталған. Тарих беттерін парақтасақ адам-адам бол-ғалы осылай. Талай рет үстемдік,байлық үшін адам қаны суша аққан.Әріге бармай-ақ 50 миллионнан астам өмірді жалмаған Ұлы Отан соғысын алайық.Кімге қажет болып,не мақсатты көздеп еді сол соғыс? Әдетте соғысты әділетсіздік,жауыздық, қанішерлік бастайды ғой. Ол сонысымен лағнетті.Қарапайым халыққа қасірет әкел-ген,қарғыс арқалаған соғыс ешқашан жеңіске жеткен емес.

Таң алдында,тәтті ұйқыда жатқан Отанымыздың шекарасынан ұрланып өткен жау оғымен бірге адам баласының тарихында болмаған бір ғаламат соғыс басталды.Сол күні жау тәтті ұйқыны ғана бұзған жоқ.Зұлым жау бейбіт өмірге бүлік әкелді. Қыз жігітімен, ана баласымен қоштасты.Қырда қойшы қойын тастап,таягын винтовкаға айырбастады,ойда диханшы трактордан түсіп,танкіге отырды.Ол кезде бүкіл ел сол-дат болды.Сол жылдардың біз секілді бозбала,бойжеткендері ақын болуды,инженер болуды,оқымысты болуды армандаған еді.Алайда олардың армандарының канатын сұм соғыс қырқып түсірді.

Ұлы Отан соғысының тарихының беттерін парақтаған адам жеңіс сағатын соқтыру- ға Қазақстанның қосқан үлесі телегей-теңіз екендігін байқар еді. Осы бір аяқ асты-нан басталған әділетсіз арпалысқа Қазақстаннан 2 миллионға жуық әр түрлі ұлт өкілдері әскер қатарына шақырылды.Майдан даласынан 394 мың қазақ боздақтары қайтпай қалды.Бұл соғыс қайғы-қасірет әкелмеген бірде –бір отбасы болмады.Бірі-нің әкесі, бірінің бауыры, бірінің бауыр еті баласы қаза тапты. Қаншама боздақтар-дың қыршын жасы қиылды.Ішінде ақыны да,әншісі де бар еді.Қауызын ашпай көк-тей

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

қырқылған сол жастардың ішінде, әттең дариға-ай, қанша Абай, қанша Шоқан кетті екен?

Фашистік Германия тізе бүкті. Бірақ сол соғыс өзімен бірге 10 миллионнан астам немістің өмірін алып кетті. Оны жеңген Кеңестер Одағы 27 миллион адамның өмірін берді. Талай ғасырлар бойы жасалған материалдық және мәдени қазынаны құртты. Міне, соғыстың әкелген қасіреті. Сондықтан адамзатқа әрқашан соғысты тоқтататын жеңіс керек. Осыдан 71 жыл бұрынғы Жеңіс сонысымен қымбат. 1418 күн мен түн толарсақтан қан кешіп, кейінгі ұрпаққа осындай тыныш өмір әкелгені үшін қасиетті.

Әрине, жеңіс өздігінен келген жоқ. Оны елі, жері үшін отқа түскен ерлер ерлігі жет-кізді. 500-ден астам қазақстандық елге Батыр атанып, аңызға айнала оралды. Содан бері зымырап 71 жыл өте шықты.

Бұл бір адамның қарттыққа жетер ғұмыры. Алайда «Тау алыстаған сайын биіктей түседі»-дегендей жылдар жылжыған сайын соғыс боздақтарының өшпес ерліктері мәнін жоғалтпас құндылыққа айналуда. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам-опа-сыз, оңбаған адам»-деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлім-ге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғаған олар халқын шын сүйген перзенттері деп білемін. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпан-ның қаптаған қарақұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан ата-ларымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады. Соғыста ел күй-реп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен жауынгерлерге жігер берген бабаларға мың алғыс. Осы ержүрек бабалар қатарында Бауыржан Момышұлының еңбегі ерекше. «Отан үшін отқа түс, күймейсің»-деп ұран тастаған батыр атамыз, келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын өлімге байлап, ажал-мен алысып, жеңіс туын тікті. Бауыржан ата өзінің бір естелігінде: «Мен-өзге ұлттар-ды құрметтеуші, өз ұлтын сүюші адаммын»- дейді. Батыр атамыздың әр қазақтың жүрегінде сақталуының себебі де, ұлтын сүйгендігінен шығар. Бауыржан атамның тұлғасы маған қашанда мұзарт шыңның басында мұнартып қалықтаған ақиық, мұз-балақ қыран болып елестейді. 941 жылы Мәскеу түбіндегі қанды шайқастардатеңде-сі жоқ ерлігімен әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316-атқыштар дивизиясының батальон командирі ретінде қапияда ой тауып, қараңғыда жол тауып, ерен ерлігімен аты әлемге аңыз болып, батыр қолбасшы атанды. Жеңістің 65 жылдық мерейтойы қарсаңында қаһармандық пен өшпес ерлігі үшін Мәскеу халқы құрметтеп, үлкен сый жасады. Мәскеу қаласынан ұлан ғайыр бір көше мен зәулім мектепке батыр ата-мыздың есімі берілді. Бұл Бауыржан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

ата ерлігін мойындау және бүкіл қазақ халқына жасалған құрмет деп түсінемін.

Мың жылда бір-ақ көрінетін кометалардай ерлігі дастан батыр тұлғаларымыз, дара тұлғаларымыз фәни өмірден баз кешіп, бақилық болып жатыр. Соғыстың тірі куәсі атанған Бауыржан, Қасым, Әди аталарымыз да өздері жеткізген жеңістің, бейбіт күн-нің, ұрпақтарының қуанышын көріп, арттарына келер ұрпағына үлгі болар естеліктер-ін қалдырып кете барды. Мен бұл кісілерді Ұлы Жеңіске қарумен де, қаламмен де үлес қосқан батырлар деп білемін. Олардың ерлігі-ұрпаққа өнеге. Бізді ерлікке жетелер, елге, жерге деген сүйіспеншілігімізді оятар ерлік істері үшін қаһарман ұрпаққа мың тағзым.

Қуандықова Аружан

7 сынып, № 273 орта мектеп

Байқоңыр қаласы

Жетекшісі: Бакиева З.

## Соғыс және балалар

Бала және балалық шақ. Балалық шақ та әртүрлі болады: кейбіреудің балалық шағы бұлтсыз бейбіт аспан астында алаңсыз өтсе, бір ұрпақтың балалық шағы қатал да қиын тағдырлы.

Ұлы Отан Соғысы. Қанша тағдырдың тамырына балта шапқан, балалықтың бал күнін «соғыс» деген суық сөздің ызғарымен қарыған 1941-1945-ші жылдар. Мен осы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы өзіміз қатарлы балалар жайында оқып білгенді ұнатамын. Сондықтан да он бес одақтас республика бір үлкен Отан болып есептелген Советтік Отанды неміс-фашист басқыншыларынан азат етуге атсалысқан жас батырлар туралы жазып отырмын.

Соғысқа дейін олар жәй ғана қарапайым балалар болатын. Мектепте оқып, үлкендерге қолғабыс беріп, доп қуып жүрген ойын балалары еді. Оларды тек туыстары мен бірге оқыған достары ғана танитын.

Кенет соғыстың сын сағаты жетіп, кешегі балалар өздерінің Отанды қандай үлкен жүрекпен сүйетінін дәлелдеді. Иә, соғыстың ауыртпалығы сол кездері балаларға да түсті. Бірақ ол ауыртпалықты жас балалар көтере білді, шыбықтай жас қабырғалар одан қайыспады да. Соғыстың алғашқы күндерінде –ақ Брест қамалын қорғауда музыка взводының тәрбиеленушісі он төрт жасар Петя Клыпа ержүректілігімен ерекшеленіп, I дәрежелі Ұлы Отан Соғысы орденімен марапатталды. Көптеген пионерлер партизан отрядтарында барлаушылық қызметін атқарды, кейбіреулері астыртын жұмыстарға қатысып, диверсант та бола білді. Пионер Зина Портнова Витебск облысында «Кек алушылар» отрядында жауға қарсы күресті, осы астыртын ұйымда жүріп ол комсомол қатарына қабылданды. Сатқынның ұстап беруімен қолға түскен Зина жауап алу кезінде үстелден пистолетті алып үлгереді, сөйтіп, тергеуші мен екі қарауылын атып қашуға әрекеттенеді. Ауыр азаптан кейін оны неміс-фашист басқыншылары 1944 жылы атып тастайды.

Партизан Леня Голиков неміс машинасына граната лақтырып, күлін көкке ұшырады. Машинадан қашып шыққан екі немістің де көзін жояды, ол немістің бірі Рихард Витц деген генерал болып шығады.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Батыр пионер Валя Котик байланысшы болды. Ол немістердің санын біліп, қанша қару жарағы бар екенін партизандарға дәлме-дәл жеткізіп тұрды. Бір күні ол неміс офицерінің көзін жойды.

Жау апанында жанын шүберекке түйіп жүріп, «тыңшы» болған Вася Коробконың да ерлігі ерекше. Жаудың пешін жағып, отынын жарып жүріп, ол партизандарға қажетті мәліметтерді жинады. Партизандарды құртуды ойлаған неміс әскерлерін Вася орманда адастырып, полицайлар құрған торға алдап түсіреді. Полицайларды партизандар днп ойлаған немістер оларды бас-көз жоқ жайратып салады, өздері де біраз шығынға ұшырайды. Жас батырын Отан Ленин орденімен және Қызыл жұлдыз орденімен марапаттайды.

Осындай үлестерімен кішкентай батырлар Ұлы Жеңісті жақындатты. Әрине бұл соғыста ерлік көрсеткен жасөспірімдердің тек санаулысы ғана. Мұнымен жас батырлар саны да, олардың ерлігі де шектеліп қалмайды, бұл аз ғана мәлімет.

Ұрыс болған жерлерде балалар минаға түсіп қалу қаупіне қарамастан, қар астында қалған қару-жарақтарды, оқ-дәрілерді жинастырып партизандарға беріп тұрды. Көптеген қайсар пионерлер бөлімшесінен алыстап қалған солдаттарға дәрі-дәрмек, байлайтын дәкелерін жеткізіп беріп тұрды. Кішкентай ержүрек батырлар қызыләскерлерге тұтқыннан қашуға да көмектесті. Немістер оккупациялаған аудандарда пионерлер жылы киімдер жинап, партизандарға жеткізуде де асқан ептілік көрсете білді. Қорғаныс шебінде жасаған балалардың еңбектегі ерліктері де орасан болды. Қолдан жарылғыш заттар дайындауда да, қару-жарақ жасау да да балалар еңбегі қажет болды.. Балалардың қолымен мектепте үйірмелерде қас қарайғанша солдаттарға киімдер тігіліп, жылы қолғаптар мен шұлықтар тоқылды.

Соғыстың алғашқы күндерінде –ақ жауға тойтарыс беруді үшін күресте оққа ұшқан көптеген балалар мен жасөспірімдердің аты белгісіз боп қалды. Бірақ біз олардың басынан өткен жайларды сезінеміз де, ұмытуға қақымыз жоқ екенін түсінеміз. Жас патриоттардың қысқа да болса өнегелі өмірі де ерлікке толы өмірі бізге үлгі.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Құлысбек Ақтолқын**

9 сынып, Назарбаев Зияткерлік мектебі

Қызылорда қаласы

Жетекшісі: Ажибаева Ж.С.

1941 – 1945 жылдар барша қазақстандықтар үшін өкініш пен жұбанышқа, қайғы мен қасіретке толы кезең ретінде мәңгі есте қалады. Келешек ұрпақтың жарқын, тәуелсіз болашағы жолында аға – әпкелеріміз сұрапыл соғысқа қатысып, жанкешті ерлік көрсетті. Жеңіс туын желбіретіп, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру біздің батыр ағаларымыздың асыл арманы болатын. Жеңісті жақындатуда қаһармандық пен қайсарлық танытып, елжандылық пен елдіктің символына айналған ұлы бейне Бауыржан Момышұлы сұм соғыста еліне деген асқан сүйіспеншілігі мен жеріне деген шексіз құштарлығының арқасында жауға тойтарыс бере білді.

1941 жыл. Ызғарлы қыс. Түн. Волоколам тас жолы. Қарға омбыған бір топ әскер жер бауырлап, бір ізбен алға жылжып келеді. Осы әскерді үстіне қалың тоңды бүркене киген, мылтық асынған, сұсты командир басқарып тұр. Бұл жерде жаңа ғана қанды шайқас болып өтті. Анадай жерде қалпағын мұз басқан, кірпігін қыраудан аша алмай отырған сержант радио арқылы штабпен байланыса алмай жатыр. Қаһарлы қыстың әсерінен батальоннан 3 күн бұрын байланыс үзілген. Тіпті, «Батальон жау қолында қаза тапты» деген сыбыстар да ел арасында тарап кеткен. Анда – санда командир : « Бір солдат мың қолға татиды, берілмейміз! » - деп өз әскеріне рух беріп қояды. Солдаттар мұндай рухты сөздерді естігенде бойларына жылу барып, қандары тулап бір – бірлеріне қарап, «Біз жеңеміз!!!» дегендей болады. Бұл командир – Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлының батальонды басқарып келе жатқанына 3 күн, 3 түн болды. Бауыржан Момышұлы бір сәтте қалың ойға шомып, кері шегінудің жоспарын құра бастайды.

«Әх, мына соғыс тым ұзаққа созылып кетті. Менің басқарып отырған батальоным ең бірінші және Панфиловтың зор үміт пен жеңіс күтіп отырған ротасы. Мен, батальон командирі ретінде қол астымдағы жандарын шүберекке түйіп отырған солдаттардың өміріне жауаптымын. Қайтсем де әскерімді дін аман елге апаруым керек. Ол үшін ең бірінші маған сәтті әрі іске асатын мықты жоспар қажет. Жауымыз туралы тың әрі сенімді деректерді жеткізетін қырағы көз, арыстандай батыл 15 солдатты барлаушы ретінде алдыңғы шепке қоюым керек. Жау көзіне түспес үшін жарғанаттай түнделетіп жүріп, қалың тоғайды қарда Омбыға жүруге тиіспіз. Жолбарыстай қайратты әскерімді күндіз қарағайлы орманда тынықтарсам, олар біраз көз шырымын алар еді. Бұл жоспарым 2 күнде жүзеге асса, діттеген штабқа да

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жетіп қалармыз. » - деп ойланып отырған сәтте Бауыржанның жанына солдат келіп жылжу керектігін айтты. Ол бар әскерге аюдай ақырған дауыспен бұйрық беріп, сол сәтте – ақ 15 солдатты бөліп былай деді: «Қырандарым, сұңқарларым! Сендерді қырандай көзді, қабыландай қырағы деп алдыңғы шепке жіберіп отырмын. Білемін, ажал құшағына өзім тастағандай болып тұрмын. Бірақ, барлаушы әскерсіз біздің алға жылжуымыз екі талай. Сол үшін сендердің көмектеріңе жүгініп отырмын. Бар үмітім сендерде. Қайсар жүректі солдаттарым!!! Мен сендерді бұл жерден ата – ана, балаларыңа, асыл жұбайларыңа есен - аман, шаштарыңнан бір тал қыл түсірмей жеткізуге уәде беремін. Уәдемді бұзбауға да ант етемін. Тек менің артымнан еш күмәнсіз сенімділікпен ерсеңдер болғаны. Қалғаны менің жұмысым ». Осылай Бауыржан өз сөзін аяқтап, әскердің мұңды көңіліне жылу ұялатқандай болды. Бұдан кейін солдаттар ақырындап қарға жата кетіп, тоғайды кішкентай сәби секілді еңбектеп артқа қалды. 2 күн, 2 түн өтті. Болаттай шыдамды әскер 2 күн ішінде Новлянск және Ивановск ауылдарының арасынан шықты. Бауыржанның батальонын өлдіге санап жүрген Панфилов Бауыржанды бауыры келгендей ыстық жаспен құшақ жая қарсы алды. Панфилов көзінің жасын сүртпестен Бауыржанға қарап «Жарайсың, сұңқарым!» - деді.

1941 жыл 5 желтоқсан. Қанды шайқас. Даусы жер жаратын зеңбіректердің оқтары ерсілі – қарсылы ұшып жатыр. Бауыржанның қолында мылтық. Бар даусымен айқайлап оқтарды бытыратып атып жатыр. Бір сәтте ол жерге сылқ ете түсті. Солдаттар оны дереу тұрғызып жағдайын сұрап еді Бауыржан «Орындарыңды бос қалдырмаңдар. Менде бәрі дұрыс. Мылтықтарыңды қолдарыңа алып атыңдар, барыңдар » - деді. Әскер тез естерін жиып орындарына барып шайқасты, мылтық, зеңбірек даусымен одан әрі өршіте, жаңғыртып жіберді. Бауыржан орнынан тұрып қараса жейдесінен қан сорғалап ағып жатыр екен. Ол қанап жатқан жерді жерде жатқан лас шүберекпен буа салып мылтықты қайта қолына алды. Мұны байқап қалған лейтенант Бауыржанның жанына жетіп келіп, жара орнын қарап :

- Бауеке, оқ омыртқаңызға тиіпті. Бұлай сіз соғысты жалғастыра алмайсыз. Тездетіп госпитальға барыңыз, оқты дереу алып тастау керек.

Бауыржан оған сұсты қасқырдай кекті көздерімен қарады да:

- Орныңа бар. Маған ештеңе де болмайды. Омыртқамды оқ емес жәй тас жаралаған ғой. Ештеңе етпес.

Лейтенант:

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

- Мен бұған жол бере алмаймын. Сізден айрылсақ, бізді, солдаттарды кім басқарады? Өзіңіз «соғысты дін аман бітіреміз» деп ант бергенсіз, сол антты қайткенде де орындауыңыз керек.

Бауыржан Момышұлы лейтенант сөзін жерге қалдырмай, санбатқа барады. Санбаттағы дәрігерлер Бауыржанды госпитальға жеткізу керек оқты қазір ала алмаймыз дегенде Бауыржан белбеуіндегі тапаншаны суырып алып «Госпитальға барып жүруге уақытым жоқ. Оқты дәл қазір, дәл осы жерде аласың» деп тапаншаны дәрігердің маңдайына тақады. Дәрігер қорқып кетіп, оқты залалсыздандырып денесінен алып тастап, жара орнын буып қалдырады. Дәрігер біраз жатып демалу керек екенін айтқанда Бауыржан оған кекті көзімен қарап, орнынан атып тұрып тонын киіп, мылтыған қолына алып соғыс алаңына қайта кетеді.

Бауыржан Момышұлының тағы бір осы ерен ерлігі Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітабына арқау болды. Бауыржан атамыздың мұндай ерліктері еш кетпепті. Ол «Қызыл ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды.

Сұм соғыс әрбір қазақ баласының ардағы саналған әкесі мен анасын алды, сұм соғыс ата – ананың бауыр еті балаларынан айырды. 1933 жылдағы ашаршылықты басынан кешірген қазақ елі 1941 жылы II дүниежүзілік соғысқа төзуге міндетті болды. Иә, 4 жылға созылған қанды шайқас жеңіспен аяқталды. Қазақ елі, қазақ жері, қазақ жұрты өз бостандығын ерлікпен, елжандылықпен жеңістің туын жоғары көтерді. Міне, сол жеңіске биыл 71 жыл. Қанша уақыт өтсе де, Жеңіс жолында барша қазақстандықтардың жасаған ұлы еңбектері өшпек емес!

**Мамедалиев Мұхтархан**

8 сынып, №41 М.Шоқай атындағы орта мектеп  
Шиелі ауданы Сұлутөбе ауылы  
Жетекшісі: Дүйсенова Қ.

### **Жырлаймын жырымменен ерлерімді...**

Бұл соғысты Гитлерің бастады.  
Қызғанды ма, көрмеді ме басқаны?  
Тыныш жатқан жыланды кеп қозғады,  
Өз басына өзі көрді қазғаны.

Жерді алам деп жасады бұл соғысты,  
Сол жер үшін аспанға қанша оқ ұшты.  
Бостан-босқа халықты қан қақсатып,  
Қанша адам жер жастанды, жер құшты.

Басып кірді КСРО-ның кең жеріне  
Күштілігі КСРО-ға тең келе ме?!  
«Әлін енді білмеген әлек» деген,  
Күштілігін елімнің сезбеді ме?

Соғыс деген аямады адамды.  
Аш қасқырдай бір-бірінен жан алды.  
Тар қылғандай өз жерлері өзіне  
Елдің бәрін өрттей түгел жалмады.

Ерің түгіл, қызың да майдан көрді.  
Біреуі ұшқыш, біреуі танкист болды.  
Кеудесін оққа тосқан жауынгерлер  
Елім деп, ерлік етіп жанын берді.

Өткізді бастан талай қиын жолды.  
Бірлігін сақтай білді, бекем болды,  
Етігімен су кешкен ерлерім де  
Қиындыққа әрқашан дайын болды.

Қалам менен қаруды қатар ұстап,  
Ақын да, жазушы да сол соғыста.

Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.

Рух беретін жалынды сөздер айтып,  
Ел қатарлы жүргені сол ұрыста.

Дайындығы болғанмен фашистердің  
Тойтарысы мықты ғой біздің елдің.  
Қолыңа қару алып шайқаспай-ақ,  
«Ленинградтық өреніммен» рух бердің.

Бауыржан, Қасым сынды батырлар  
Отан үшін от кешкендер тағы бар.  
Батырларды ардақтайтын ұрпақпын,  
Ерліктерін өлеңіммен жырлаймын.

Талабыңның шегінен асқан шақта  
Қатыстық Ұлы Отан соғысына .  
Соғыстың суреттеп бар зұлымдығын  
Жыр жаздың майданның тар окобында.

Халыққа арман болдың орындалған  
Керді халық сені отты жырларыңнан .  
Бақыттысың сен мәңгі, Қасым аға,  
Артыңда мұра болып жырың қалған.

Теңедің Абдулланы арыстанға  
Жауыңды алты басты айдаһарға.  
Айдаһармен арпалысқан арыстаның  
Ерлікпен шейіт болды сол майданда.

Ешқашан да болмасын деп соғысты  
Талап пенен тілекті бір қойысты.  
Батырлардың ерліктерін айтып біз,  
Мақтанышпен дәріптейік бәрін біз.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Маханбетжанова Балкүміс**

6 сынып, Ә.Тәжібаев атындағы №36 мектеп-лицей  
Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті  
Жетекшісі: Қосмамбетова А.С.

Ерлік ұмытылмайды  
Ежелден ер тілегі – ел тілегі,  
Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.  
Б.Момышұлы

Соғыс... Соғыс дегеніміз қантөгіс, қайғы-қасірет. 1941 жылдың 22 маусымында басталған соғыс 1418 күнге созылған. Кеңестер Одағына тұтқиылдан ескертусіз соғыс ашқан неміс фашистері адамзат баласына зор қайғы-қасірет әкелді. Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы ең үлкен қасіретті майдан, Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын әлемге танытқан қасіретті соғыс болды. Жеңіс... Біз үшін Жеңіс күнінен қымбат мереке жоқ. Ұлы Жеңіс аға ұрпақтық Ұлы ерлігін ел есінде сақтауға арналған ең қастерлі күн. 9 - Мамыр – Жеңіс жалауы желбіреген күн. Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Сұм соғыс ойранын салмаған, отына шарпылмаған отбасы жоқ шығар, сірә. Ана сүйікті ұлынан, ару асыл жарынан, бала аяулы әкесінен айрылды. Соғыста қираған қалалар мен ауылдар қалпына келтірілді. Бірақ соғыс жарасы әлі жазылған жоқ. Әлі де хабарсыз кеткен ұлын, бала әкесін іздеген хабарды теледидардан жиі көреміз. Біз соғысты көрген жоқпыз. Ұлы Отан соғысы туралы кітаптардан оқып, фильмдерден көрдік Соғыс тақырыбында әлі де кітаптар, фильмдер шығарылып, өлеңдер мен әндер де жалғасын табуда. Осынау қиыншылықпен келген жеңіс қалайша ұмыт болмақ?! «Ешкім де, ештеңе де ешқашан ұмытылмайды». Осынау сөздер соғыста қаза тапқандар ескерткішіне қашалып жазылған. Кешегі ел басына күн туған қатерлі шақта аға ұрпақ өкілдері бостандығымыз бен тәуелсіздігімізді жанқиярлықпен қорғады. Соғыс көптеген ерлердің есімін елге танытты. Талғат Бигелдинов пен Сергей Луганский, Мәлік пен Бауыржан, Әлия мен Мәншүк ерліктері туралы ақиқат пен аңыз халыққа кең таралды.

Ерліктің арқасында бақ қарады,  
Болашақ бейбіт күнмен шаттанады.  
Ерліктің дәнін сепкен даламызға,  
Еліміз ерлерімен мақтанады! – демекші



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Жеңісті жақындатуға Сыр елінің қосқан үлесі зор. Бұл соғыста Сырдария ауданынан аттанған 3050 сарбаз ерлікпен қаза тапқан. 4349 майдангер хабарсыз кеткен. 1000-ға тарта сырдариялық жауынгерлердің біразы аяғын, қолын майдан даласында қалдырып, мүгедек болып, бірсыпырасы елімен, жерімен аман-есен қауышты. «Ерді – елі үшін, жігітті жұрты үшін мақта» дегендей қан майданда жанқиярлықпен жауға қарсы тұрып, көптеген қалаларды азат етуге қатысқан аттары аңызға айналған Сырдария топырағынан шыққан, Кеңес Одағының Батыры атағына ие болған хас батырлар Жаппасбай Нұрсейітов, Нағи Ілиясов, Жақыпбек Махамбетов аталарымызды мақтаным етеміз. Ерліктері ұрпаққа – ұран, елге мұра болған ержүрек жерлестерімізді еске алып, бас иіп, құрмет тұтамыз. «Барлығы да майдан үшін, барлығы жеңіс үшін» деген ұранмен жатпай-тұрмай еңбек еткен тылдағы еңбеккерлердің тынымсыз тірліктері майдангерлердің ұрыс даласындағы ерен ерліктеріне жігер бере түсті. Елде қалған қыз-келіншектер, кәрі ата-әжелер майданға жылы киім тоқып, егін еккен. Заводтарда танктер, ұшақтар, оқ-дәрі жасап шығарған. Майдан даласындағы жауынгерлерге тамақ, киім жіберіп отырған. Тыл ардагерлерінің Ұлы Жеңіске қосқан үлестері ұшан-теңіз. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында қазақ баласының қайсарлығын, қаһармандығын танытқан жауынгерлерге құрмет жыл санап арта түспек. Себебі, олар жастық шақтары бүгінгі бейбіт күннің шұғылалы таңының атуына арнап, өз өмірлерін Отан үшін қия білді. Біздің аталарымыз тәуелсіздікті сақтап қалды. Соның арқасында біз егеменді ел болдық. Майдангер аталарымыздың ерен ерліктері арқасында бейбіт күн, ашық аспанда бақытты өмір сүрудеміз. Қатары жыл санап азайып бара жатқан арманы асқақ, пейілі кең Ұлы Отан соғысы ардагерлерін әрқашан құрметтеу бүгінгі ұрпақтың мәңгі парызы. Майдангер аталарымыздың саны қазір саусақпен санарлықтай. Бүгінгі таңда біздің ауданымызда Ұлы Отан соғысының 4 ардагері. Яхия Тасыров, Махамбет Бержанов, Оразбай Қожалақов пен Дәуітбай Сақтағанов ортамызда жүр. Мектепте майдангер аталармен кездесу өткізіп, олар отты жылдардағы шоқты көріністерді әңгімелеп берді. Аталарымыздың өшпес ерлігі, майдан даласындағы даңқы ұрпағымен бірге жасайды. Биыл Ұлы Жеңіске 71 жыл толады. Тарихты ұмытуға болмайды. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, елдігіміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі де осынау Ұлы Жеңістің жемісі. Аталар ерлігі бізді патриоттық, отаншылдық, ұлтжандылық, әділдік пен қайырымдылық рухына тәрбиелейді. Еліміздің болашағы бүгінгі жас ұрпақтар Жеңіс күнін аға ұрпақтың Отанымызға деген шексіз сүйіспеншілігінің үлгісіндей әрқашан есте сақтаймыз. Ертенгі елдің тізгінін ұстар мәңгілік елдің ұрпақтары аталар



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

аманатын орындап, жақсы оқып, білімді азамат болып, егемен елімізді өркендетуге, өркениетті елдер қатарына қосылуына үлес қосамыз. Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен әжелеріміз: «Еліміз тыныш, жұртымыз аман болсын. Біз көрген соғысты, қиындықты сендер көрмендер. Бейбіт өмірде бақытты тіршілік жасай беріңдер. Енді соғыс болмасын», - деп тілеп отырады.

Мен де «Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елтаңбамыз еңселі болып, Әнұранымыз аспанда қалықтап көк байрағымыз көгімізде желбіресін! Егемен еліміздің аспаны ашық, бейбіт өміріміз баянды болсын!» деп тілеймін.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Маханова Жансая**

8 сынып, Назарбаев Зияткерлік мектебі  
Қызылорда қаласы  
Жетекшісі: Мананбай Г.А.

Ұлылар ерлігі – ұрпаққа үлгі,  
Соғыс-халықтың күш-қуаты,  
ерлік- жігерін сынайтын ұлы емтихан.  
Б.Момышұлы

Міне, Ұлы Отан соғысы деген атпен тарихта қалған қанды майдан жылдарының аяқталғанына 71 жыл. Адамзат үшін аз уақыт болмаса да, тарих үшін көп емес. Алайда, мыңдаған ананы бауыр еті баласынан, талай жанды сүйгенінен, қаншама бауырды бір-бірінен айырған бұл соғыстың қазақ тарихында алар орны ерекше, салған жарасы терең, соғысты көзімен көрген ата-әжелеріміздің еске түсіргенде көзіне еріксіз жас келуі осының белгісі.

«Ердің туы – намыс» деп батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай сол замандағы КСРО елдерін жаулап алу мақсатында басталған сұм соғыста біздің ата-әжелеріміз, аға-әпкелеріміз намысты қолдан бермей, біздің болашағымыз үшін аянбағанына, қасық қаны қалғанша Отанын қорғанына тарих куә. Барша адамзаттың жадында сақталған бұл соғыс артында өшпестей орны толмас өкініштерді қалдырды. Бізге, қазіргі жас ұрпаққа, қаншама боздақтарды қыршынынан қиып, талай елді-мекенді жермен жексен қылған сұм соғыс жылдарын еске алудың өзі үрей туғызады. Біздің бейбіт аспан астында алаңсыз өмір сүріп жатқанымыздың бағасының қаншалықты қымбат екенін тарих беттеріне зер салып қарасақ, еріксіз сезінуге болады. Фашистік Германия ашқан бұл соғыс миллиондаған адамның өмірін жалмап, талай шаңырақты шайқалтты, талай боздақтар өмірдің қызығын көрместен, бақилық боп кетті. «Майданға бармай-ақ қой» деген ата-ананың өтінішін тыңдамастан, бойындағы ұлтжандылық қасиеті қамшылап, намысы бойында атой салған Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Нұркен Әбдіров, Абдолла Жұмағалиев, Төлеген Тоқтаров сынды жап-жас аға-апаларымыз Отаны үшін кеудесін оққа тосып, қыршын кетті. Ел басына күн туған сын сағатта 42000-нан астам қазақ жауынгері туған жерін, елін қорғау жолында көзсіз ерлік танытты. Бауыржан атамыздың «Соғыс-халықтың күш-қуаты, ерлік- жігерін сынайтын ұлы емтихан» деген сөзі шындыққа айналғанына Ұлы Отан соғысы дәлел бола алады. Шындығында бұл соғысқа халқымыз тек жауынгер ретінде ғана қатысқан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жоқ, тылдағы еңбекпен де, азық-түлікпен де барын салып, «Бәрі де майдан үшін» деген ұранды берік ұстанды. Әр отбасыдан әкесі мен қоса азаматтық жасқа келген жігіттер өз еркімен соғысқа аттанды. Тарих беттеріне үнілсеңіз, соғыс тақырыбында жазылған көркем шығармаларды оқысаңыз, адамның жан-жүрегін ауыртатын оқиғалардың куәсі боласыз. Себебі, ол жай ойдан шығарылған деректер немесе қиялдан туған туынды емес, соғыс зардабын басынан өткізген, қиындығын көзімен көрген жандардың жүрегінен жарып шыққан шынайы шығармалар. Әсіресе, Баубек Бұлқышев атамның «Шығыс ұлына хат» атты шығармасын оқып, терең ойға баттым. Небәрі 28 жыл өмір сүрген жас жігіттің соғыстың қақ ортасында жүріп, ай жарығымен жазған хат түріндегі шығармасынан өз ұлтын шексіз сүйген ұлдың еліне, жеріне, Отанына деген сүйіспеншілігін, анасына, бауырына жарына деген ұлы махаббатын көруге болады. Бұл шығарма тек соғыстағы сарбаздың сағынышы ғана емес, «Шығыс ұлы» деп ат қойған бұл шығарма қазақтың барша азаматтарына деген ұлы үндеу секілді. «Елін сүйген ер жігіт қазіргідей заманда «Елім-ай» десе, ол-ант! Ол-серт! ... Отан бізге қолымызға қару, бойымызға қару беріп, өзіңнің сүйікті Арқанды, сұлу Шығысыңды, қонақжай халқыңды қорға деді. Сол Отан, бүгін менің тағдырым сенің қолыңда, жауынгер, деп отыр. Ойлашы, Шығыс ұлы, біз ел сенген ерміз, қалайша неміске туған жерді қолдан береміз? Ел намысы үшін, ер намысы үшін жан қиятын шақ бұдан артық болар ма?...

...Шығыс ұлы! Біздің жаман солдат болуға құқымыз жоқ. Біз ерліктің екі бірдей мектебінен тәлім алдық. Біз шығыстың Қобыланды, Тарғын сияқты батырларынан ерлікті үйрендік. Біздің қылышымыз фашист немістің қанымен суарылуы керек, серт осы болсын!» деген жолдарды оқып отырып, бойымда өз ұлтыма деген шексіз сүйіспеншілік сезім оянды. Ал Баубек атамның сөздері әр қазақтың бойына ұлтжандылық қасиетті дарытатындай күдіретті боп сезілді. Өзі соғыста жүріп, қиындыққа мойымай, ай жарығында отырып, туған еліне осындай хат жазған жауынгер аға-апаларымыздың келбеті көз алдымнан кетпей қойды. Еріксіз ойыма «Қазіргі жастарымыз ел басына күн туса, дәл осындай қиындыққа төзе алар ма екен? Отан үшін отқа түсуге дайын ба? Кешегі ата-бабамыздың ерлігін жалғастыра алар ма екен?» деген тіркестер келе бастады. «Болашақ - жастардікі» деп ел үміт пен сенім артқанда сенім жүгін арқалайтын намысшыл жастарымыздың бойында Отанға деген елжандылық қасиет лаулап тұруы керек. Ия, әкесі соғысқа кеткенде елде қалып, анасының қасында еңбекке жастайынан араласқан жандардың әр күні ерлікке толы болдық десем қателеспеймін. Біз - соғысты көрмеген ұрпақпыз. Алайда қанды майдан тұсындағы сай-сүйекті сырқыратқан қараңғы түнектей кезеңдерді шын мәнінде көзбен көріп, бастан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

кешірсек де еліміздің басынын кешкен қайғылы, зұлматты жылдар тарихымен Б.Момышұлының «Қанмен жазылған кітап», Е.Лұқпановтың «От кешу» сынды көлемді туындылары арқылы жақын танысып, аға ұрпақтың ерлігін мәңгі есте сақтауға тырысамыз.

Кеңес Одағының апшысын қуырған неміс фашистерінің зұлымдығы бауырлас мемлекеттердің мүддесін бір арнаға тоғыстырып, ортақ мақсатқа жұмылдырды. Ұрпағының жарқын болашағы үшін бүгінін құрбан етіп, 1418 түн бойы Отанын көз ілместен күзеткен жүрек жұтқан бозбалалар мен бойжеткендердің есімі жадымыздан мәңгі ұмытылмақ емес. Ешқашан да жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. «Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды!». Ер етігімен су кешкен, ат ауыздығымен су ішкен зұлматтың бетін бері қайтарып, елдің егемендігін сақтап қалған, тыныш әрі бейбіт өмір сыйлап, өшпес мұра қалдырған Ұлы Отан Соғысының батырлары ерекше ықылас пен енапат құрметке ие деп санаймын және олардың алдында арнайы басымды иемін. 9 мамыр көңілге қуаныш ұялатқан Жеңіс күнін жақындатып, елі мен жұртының амандығын ойлап, ұрысқа аттанған талай сарбазға туған жерінің ыстық топырағы бұйырмады. Ал сонау сұм соғыстың сын сағаттарында жасымас жігер, қажымас қайрат көрсеткен батыр бабаларымыз туған жеріне оралып, елдің көзайымына айналды. Қазіргі күні соғыс ардагерлеріне Жеңіс күнінде ерекше құрмет көрсетіледі. Бүгінде тарихта аттары мәңгі алтын әріптермен жазылып қалатын тағылым иелері, соғыстың соңғы сарбаздары сиреп барады. Сондықтан «Ер есімі-ел есінде» демекші, біздің азаматтық міндетіміз – оларды арнайы бір күнде ғана емес, жылдың 365 күнінде де еске алып, ықылас білдіру. Ал өскелең ұрпақ бойында отансүйгіштік, ұлтжандылық, намысшылдық, өр мінезділік, қайсарлық сынды қасиеттер мол болса қазақ елі өз тұғырында мәңгілік ел болып қала беретініне сенімім мол.

**Мұхамедалиева Ақтоғы**

7 сынып, №127 Ш. Уәлиханов атындағы мектеп-лицей  
Шиелі ауданы, «Көкшоқы» елді мекені  
Жетекшісі: Абдураева Ш.

Міне, көзді ашып жұмғанша уақытта зымырап өтіп бара жатыр. «Уақыт – ұлы дәрігер» дегендей, халқымыз бастан кешірген сұрапыл қайғы мен қасірет жеңілденді, ер-азаматтарымыздың төгілген қаны мен тері өзінің жемісін беруде. Ұлы Жеңістің 71 жылдығы және Ұлы Отан Соғысы басталуына 75 жылдығы да жақындап келеді. Жыл өткен сайын бізге Ұлы Жеңісті сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл жұмыстарында аянбай тер төккен жандардың қатары да азайып барады. Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Сол себепті біз ардагерлерімізді құрметтеп мақтан тұтуымыз керек. Батыр дегеніміз – ел басына күн туған шақта ел-жұртын жанын аямай қорғай білу. Қазақ халқы – ежелден батыр халық. Бұған сан ғасырлық тарихымыз, батырлық дастандарымыз айғақ. Сол шайқастарда талай боздақтарымыз қыршыннан қиылды, елінің болашағы үшін жанын пида етті.

Ауыл тұрмысын жақсартуда сүт-тауарлы фермасын ашып, ел болып қыруар еңбек жасағанын әңгімелегендерін үлгі – өнеге ретінде қабылдаймыз. Сол кездердегі үлкен тұлғаларда біздің ауылдың қадірлі қонағы болған. Солардың бірі – Дінмұхамед Қонаев ауыл ақсақалдары мен еңбек ардагерлері, үлкен-кішілерімен кездесіп қолын алды. «Қазақта Димекендей кемеңгер тұлғалы адам кемде-кем. Тағдыр маған онымен үш мәрте көзбен көріп, кездесуді жазыпты» деп әңгімелейтін атам.

Атамның пікірінше, бақытты өмір – адал еңбекте. Сонау 50 жылдары колхозды басқарып тұрған кезде осы Қызылжар ауылының негізін өзі қалап, ағайындарын осында көшіріп алған. Әр жерде 5-6 үйден шашырап жүргендерді жинап, поселке тектес етіп салады, орталықтың қарсылығына қарамастан. Жалпы атам жаңалықтарды қалт жібермейді, тек құлағының ауырлағанына ғана өкпе айтады. Ал күнделікті келіп тұратын газеттердің бірін жібермейді оқиды. Көзілдірік тақпай оқиды. Соғыста көрген қиындықтары туралы айтқанды аса ұната бермейді. Дұрысы сондай соғыс бізден аулақта болғанын айта жүреді. Атам туралы қанша тізбектеп жазсам оған деген мадақтауым мен құрметім жалғаса бермек...

Бүгінде атамның есімі Шымкент қаласындағы Абай саябағында ардагерлерге арнап қойылған ескерткіш тақтада жазылып тұр. Ұлы Жеңістің

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

70 жылдығына орай «Хабар» телеарнасы атамның өнегелі өмірінен арнайы хабар көрсетті. Ал 9 мамырда «Қызылжар» жалпы орта мектебі атамды арнайы іс-шараға шақырды. Ол жиында атама арналған көптеген өлеңдер оқылды. Мектеп оқушылары тақпақ айтып, би билеп, өнерлерін көрсетті. Атам оларға өзінің бтасын беріп, ескерткішке гүлшоғын қойып, ерлікке тағзым етті. Бүгінде атам 92 жаста. Мен атамның сүйікті қызы екеніме мақтанамын.

Қазақ Қазақ болғалы қаншама сұрапылды, зар заман зұлматты көрді. Осынау сайын даланы қорғап қалған бабалаларымыз да, сол даланың сай-төбелеріндегі сан мыңдаған мазарлар да жанкешті шайқастардың, жарқын жеңістердің куәсі. Дана Халқымыздың даңқты шежіресі, еліміздің тағлымды тарихы. Қазақ – жаратылысынан жауынгер халық, олар найза мен қылыштың заманында ғана емес, автоматты қару мен моторлы соғыстың заманында да өзінің қайсар қайтпас халық екенін көрсете білді, өздерінің даңқты ерліктерімен соғыс тарихының беттеріне есімдері алтын әріппен жазылды.

**Мырзаш Нұрсұлу**

5 сынып, № 202 орта мектеп

Жалағаш ауданы

Жетекшісі: Кеңесбаева Г.О.

### **Ешқашан соғыс болмасын!**

Соғыс. Соғыс - күйретуші күш!!!

Күйретуші күш дейміз – ау. Осыдан 71 жыл бұрын Ұлы Отан соғысы басталған болатын. Бұл соғыс талай – талай отбасын әбігер қылып, қарапайым халықтың күнделікті тұрмысында құтын қашырып, үрейлендірді, тіпті жер жастандырды десек те болады. Бұл соғысқа талай аталарымыз, апаларымыз қатысып, елін жаудан қорғады. Ол кезде ата-апаларымыз әлі бесіктен белдері шықпаған еді, сонда да елін, кіндік қаны тамған туған жерін сүйгендіктен: «Отанымызды қорғаймыз» - деп алға қарай ұмтылды, еш аянбады. Бұл ата-апаларымыздың елі, жері үшін сүйіспеншілігі, төзімділігі еді. Бұл кез «Қайтсем елімді жаудан қорғаймын, аман есесн құтқарамын», - деп шырқырап жанын аямай шырылдаған кез.

Фашистердің арманы бізді жеңіп шұрайлы жерімізді тартып алу еді, бірақ бұл армандары орындалмады, жүректері «Елім» деп соққан ержүрек жауынгер апа – аталарымыз қасқайып қарсы тұрып күн демей, түн демей қасық қаны қалғанша елін жауынан қорғады. Қазақтардың сол кездегі Жеңіске қол жеткізген кездегі қуанышын көргенде, бәріміз жылар едік!!!

Біз бұл күнге ата-апаларымыздың арқасында жеттік. Олардың көз жасымен, қанымен, жанымен, күшімен, сімен, ерлігімен атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, үлкен асуды бағындырып, туын көкке көтеріп, жеңістің таңбасын басқан күн-Жеңіс күні. Біз үшін 9 мамыр–Ұлы Жеңіс күні мерекесі. Бұл күн халық үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл мерекені мен «Ұлы мереке» - деп айтар едім. Өз басым ұлы Жеңіс мерекесін асыға күтемін. Себебі: Үлкен ата – апаларымның ерлігін, құлағыммен естіп, теледидардан көзіммен көрген уақытта ерекше бір сезімге бөленемін. «Бізді ата-әжелеріміз жаудан осынша қан төгіп, осынша ерліктің арқасында аман алып қалған екен ғой» деген ой түйіндеймін.

Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған, қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол – өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске оңай жолмен емес, ештеңеге теңеспейтін ғажап та тылсым күштің арқасында



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жеттік. Ол күш-әрине, «Бірлік», «Ынтымақ». Қаншама халық бір тудың астына бірігіп күштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы деп білемін.

Соғыстан кейін дала қан сасыды. Мыңдаған тіпті одан да көп адам қаза тауып, келешек ұрпағы үшін өмірімен қош айтысты. Қаншама отбасы қынжылып, қиналды. Жас балалар әкесін сағынды, жас аналар жұбайын сағынды, ата-әжелеріміз балаларын сағынды. Әр отбасыға бұл соғыс қаралы хабар алып келді. Біздің Мәншүк апамыз, Әлия апамыз соғыс болып жатқан кезде фашистердің қолынан қаза тапты.

Қазақ қыздарының қанында болатын қырық жанын аямай, Елін, Отанын жаудан қорғап, сол жауға қарсы тұрды. Біз бәріміз пулеметші апамыз Мәншүк Мәметованың, мерген апамыз Әлия Молдағұлованың, даңқты жауынгер атамыз Бауыржан Момышұлының артына мұра қылып қалдырып кеткен өсиеттерінен, қасиеттерінен үлгі – өнеге алуымыз керек. Себебі бұл кісілер мен үшін бізді және елімізді жаудан қорғап қалған абзал жандар. Бұл кісілер өте күшті, батыр, ержүрек болған. Біздің елімізде осы жандар секілді азаматтар көбейеді деген үміттемін. Мен де осы батыр ата-апаларымыздың орнында болсам, елімді, жерімді қасық қаным қалғанша, аянбай қорғар едім. Біз Жас ұрпақпыз. Біз өз елімізді аянбай қорғауымыз керек.

Мен ешқашан соғыс болғанын қаламаймын. Қазіргі таңда Еліміз тыныш, бейбіт өмір сүруде. Қайсар рухты, бірлігі мен ынтымағы, достығы жарасқан Қазақ Елі мәңгілік жасасын!!! Ынтымағы жарасқан ел ешқашанда азбайды, Бірлігі жарасқан ел ешқашанда тозбайды.

Алдағы уақытта елімнің тыныштығын, Көк Туымның ешқашанда құламауын, дүние есігін ашқын кішкене сәбилердің жыламауын, халқымның ауызбірлігін тілеймін. Ешқашан, ешқашан соғыс болмасын!!! – дей отырып, төмендегі жүрек жарды жыр жолдарымды Ұлы Отан соғысына қатысып, ерлік көрсеткен ата – апаларымның рухтарына арнаймын

### **Ұлы Отан соғысы**

Ауыр соғыс зардабы естелік-сыр,  
Естелік сыр, көңілде кестелеп тұр.  
Сол бір соғыс жылдары майдан кешкен,  
Батырлардың еңбегін еске түсір.

Қаншама фашистпен ұрысты, соғысты,  
Солдаттары азайып, қандастарымен толысты.  
Кеудесінде қасықтай қаны қалғанша,  
Қасқырдай, қайсар рухпен ұмтылды алға, тырысты.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Таңы атып жеңістің, «Уралады» халқымыз,  
Бүкіл елім қуанды, кәріміз бен жасымыз.  
Азапқа толтырған кей ананың жүрегін,  
Соғыс, сенің осынша сұм екеніңді білмедім.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Нұрмағанбет Гүлдарина**

9 сынып, №33 орта мектеп

Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылы

Жетекшісі: Тайшаева С.Б.

Ер есімі – ел есінде  
Сүйінші, халқым, сүйінші!  
Сүйіншіге сүйінші!  
Шаттан, ата-анамыз,  
Шаттан, аға-бабамыз,  
Кек қайтарып фашистен,  
Соғыс бітті жеңіспен,  
Жендік жауды күресте  
Жасалсын той-мереке.  
Т. Жароков

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына бірнеше жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жұмылды... Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті.

Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?!

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жалмап жұтатын тажал. Сол қанды кезеңді еске түсіріп, елестететін газет-журнал материалдары немесе радиотелехабарлар, кинолар аталар ерлігін мақтаныш тұта бізге жеткізді. Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе де ұмытылған жоқ. Ұлы Отан соғысы... Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Неменеңе жетістің бала батыр,  
Қариялар азайып бара жатыр,  
Бірі мініп келместің кемесіне,  
Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр,

- деп тебіренген Мұқағали мұңында жұмырбасты пенде үшін теңдессіз құндылық ұрпақаралық қимастық, сыйластық сезімдері мөлдіреп тұр. Қариялар азайып бара жатқанын әсіресе олардың ортасында Ұлы Отан соғысынан аман орталған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емес пе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптатпай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жағап, жеңістің таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ашшы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл Ұлы мереке. Оққа ұшқан қарулас жолдастарының аманатын арқалап, аман оралған ардагер аталарымыздың өздері қорғап, қорған қамқор болып оралған арттағы қалың елдің қамығып жеткен Жеңіс күнін, біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды. Ол - өмір заңы. Біз Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске ештеңеге теңеспейтін ғажап күшпен жеттік. Ол күш - әрине, "бірлік". Қаншама халық бір тудың астына бірігіпкүштерін бір арнаға салды. Ұлы Жеңіс он бес одақтас болған мемлекеттердің ортақ мерейтойы.

Мәскеу, сенің іргеңді  
Ел, ер болып сақтаймыз  
Сенен аяр жан да жоқ,  
Барлығы да сен үшін,  
Саған қауіп төнгенде  
Жау таянып келгенде,  
Қамсыз тыныш жатпаймыз  
Алпыс ұлттың адамы,  
Қол ұстасып үн қосып,  
Қорғауға сені дайынбыз,

- деп жазған Нүрпейіс Байғанидің өлеңінен халқымыздың Мәскеу қаласына деген ерекше құрметі байқалады. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне Қазақ халқы да

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі шайқаста, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Қазақ ел басына күн туғанда толарсақтан саз кешетін жауынгер халық. Ұлы Отан соғысының қатпарлары парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғынға қаймықпай соғысқанына ашық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған бес жүз қазақтың Кеңес Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Биылғы жыл Кеңес Одағының батыры атағын кеш алған Бауыржан Момышұлы атамыздың жүз жылдық мерейтойы жеңістің алпыс бес жыдығымен қатар келіп тұр. Торқалы тойдың қуанышы өзі сүйген халқы үшін ерекше болмақ. Найзағайдай жарқылдаған отты ой бар қаһарлы сөйлесе де қайырымы мол, өз мүддесін, ұрпақ мүддесін ойлаған, қара қылды қақ жаратын әділдіктен жаралған ойы тұңғыық, қимылы қылыш Бауыржан Момышұлы есімі, ерлігі жадымызда мәңгі қалып, өнегесі болашаққа күш, қайрат, рух береді. "Ер есімі – ел есінде", - демекші, бізге жарқын болашақ, бақытты ғұмыр сыйлаған аталар, апалар ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігімізге нұрындай мәңгі шуағын шашпақ. Ұлы жеңіс құтты болсын, ардақты халқым менің!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних  
учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине  
Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Орынбасарова Сымбат**

7 сынып, № 158 орта мектеп

Шиелі ауданы

Жетекшісі: Кетепова Ж.Қ.

**Отты жылдар шежіресі**

«Сүйінші, халқым, сүйінші!

Сүйіншіге сүйінші!

Шаттан, ата-анамыз,

Шаттан, аға-бабамыз,

Кек қайтарып фашистен,

Соғыс бітті жеңіспен,

Жендік жауды күресте

Жасалсын той-мереке.»

Т. Жароков

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шыңдаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді. Бұл мейрамды бұрынғы кеңес одағына кірген 15 одақтас республика халқымен бірге, кеңес халқы неміс басқыншыларынан азат еткен Еуропа елдерінің Варшава мен Прага, Будапешт пен Бухарестің, София мен Белградтың, Париж бен Венаның, жер шарының басқа да көптеген қалаларының тұрғындары тойлайды. Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты.

Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халқымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертелелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда батыр ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті, Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті.

Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5-3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды. Жауға қарсы шайқастар алдыңғы шептегі ұрыстарда ғана емес, алыстағы ауыл мен кең байтақ далада да жүріп жатты. Сол жылдары Қазақстан миллиондаған босқындарды өз бауырына аналық мейірімімен тартушы, эвакуацияланған завод пен фабрикаларға, майданға керекті оқ -дәрі мен азық-түлік жеткізуші үлкен арсеналға айналды. Шығанақ Берсиев сияқты еңбек ерлерімен қатар иықтарына үлкен ауыртпалық түскен еңбек даласында миллиондап жұмыс істеген әйелдерсіз, жасөспірімдер мен қарттарсыз Жеңіс күнін көзге елестету мүмкін бе еді?! Ешқашанда жауынгер ерлігі мен жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің ерен ерліктері ұмытылмайды. Сондай-ақ, менің де нағашы атамның отты жылдар шежіресінің тарих беттерінде алтын әріппен есімі ел есінде қалды. Нағашы атамның ерен ерлігі ескеріліп, ауылдың атындағы бір көшенің есімі берілді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Бұл күнде нағашы әжемнің көзі тірі. Жасы тоқсаннан асты. Атамды соғысқа аттандырып, оны күтіп алып жеңіс күнін бірге тойлап, одан кейінгі өмірлерін де мәнді - мағыналы етіп өткізген аяулы жандар. Бізге бейбіт өмірді сыйлаған ата – әжелерімізге бас игеннен басқа еш қызметіміз жоқ. Мен осындай ата-әжемнің барына шүкіршілік етіп, әрдайым мақтанып жүремін.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Рақмет Камила**

10 сынып, Назарбаев Зияткерлік мектебі

Қызылорда қаласы

Жетекшісі: Ажибаева Ж.С.

Тарих – ұлт тағылымы, кеше мен бүгінді байланыстырар асыл көпір, келешекке үлгі болар ізгі даналық. Тарих қойнауына жол тартсақ, дәуір көші болып табылатын заманның адамзат басына салған сан қилы дүрбелеңі мен сындарлы оқиғалар іздерін көреміз. Бұл іздер саны аспандағы жұлдыздан да көп, ал әр іздің түбінде теңізден де терең бір құпия тұнып жатыр. Тарих парақтарында жасырынған, уақыт еншісінде қала берген сол сырды ақтарып көрелік...

Адамзат тарихындағы, ұлт тарихындағы ең елеулі оқиғалардың бірі – Ұлы Отан Соғысы. Бұл соғыс туралы білмейтіндер кемде – кем, себебі дәл осы оқиға достық пен жанашырлыққа, адал махаббатқа сын болды, дәл осы оқиға Отанды сүйе білуге, ұлт намысы үшін күресе білуге үйретті, дәл осы кезеңде ер – жігіттер қызу майдан даласында болаттай шынықса, қызыл гүлдеріміз ел басына түскен ауыр жүкті бөлісе көтерді. Азапты күндерде ажал құшып, азаттық үшін күрескен асыл ерлерді, сол ерлерді жүрегі қарс айрыла күткен темірдей төзімді алтын аналарды, сәбилік бақытын сұрықсыз тұрмыс қиындығына айырбастаған балаларды еске алсақ, зұлмат соғыстың қандай азапты да ауыр болғандығын ұғынғандай боламыз.

Ұлы Отан Соғысы қарсаңының қазақтан шыққан жаңа батырларды іріктеген өмір емтиханы болғаны бізге аян. Мысалы, Рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі үлгі боларлық іс. Рейхстаг шабуылы кезінде 20-дан астам ту тігілген. Олардың ішінен ең алғашқылары қазақ Рақымжан Қошқарбаев және Григорий Булатов еді. 150 - атқыштар дивизиясының соғыс қимылдары журналына сәйкес, 30 сәуір 1945 жылы сағат 14:25- те кезінде лейтенант Қошқарбаев пен қатардағы жауынгер Булатов «жер бауырлап ғимараттың орталық бөлігіне келіп, бас кіреберістің сатысына қызыл туды орнатты». Бұл кезде рейхстаг үшін күрестің ең қызып жатқан кезі еді. Бораған оқ арасынан ентелей өтіп, ел үшін жан пида етуге дайын болған Рақымжан ер сол кезде ұлт намысын, ер намысын қорғай алды және осы ерлігімен майдандас бауырларға рух берді. Рақымжан батыр қадаған ту тек Рейхстагқа емес, қазақ тұғырына тігілген ту болатын.

Ұрыс даласында өткен көптеген айқастарға қатысып, сарбаздарға қолбасылық еткен Бауыржан Момышұлының аңызға айналған ерлік істерін санауға саусақ жетпес. Мен оның қару асынып қан кешкен ерліктерінен бөлек әркімнің қолынан келе бермейтін өнегелі істерін насихаттамақ

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

ойдамын. Соның бірі оның әкеге, өз тегіне деген сыйластығының символы, батылдығының белгісі болған «Момышов емес, Момышұлы» деп атын құжатқа жаздыру үшін көптен күткен Кеңес Одағының Батыры атағынан бас тартуы болатын. Бұндай іске баруы оның атақ қумай, Отан үшін адал қызмет етуінің айғағы ретінде бағаланып талайды таңдай қақтырды.

Осы сынды ерлігі аңыз болған танымал батырларымыз да, көп ерлігі білінбей іс-түссіз кеткен ер-тұлпарларымыз да көп. Жау оғын өр кеудесімен бөгеп, ауыр айқасқа түскен ерлер бір мезгілде сары аяздай қарыған сағынышпен, өртеген өкінішпен, қайраған намыс қайнаған кекпен, бойды билеген қорқынышпен, алыстағы сүйгеніне деген сезім отымен, суық хабар, сұмпайы сатқындықпен, күнде майдандас бауырлардың ажал құшқанын көріп қайғырумен де үздіксіз алысқанын айта кеткеніміз абзал. Осылай өмір мен өлім арасында жүріп, арпалысқа түскен ерлеріміз болмаса, біз бәлкім осы бейбіт күнге жетпес пе едік?!

Жә, сыз окоп пен сұрапыл соғыста жүрген ерлерді қоя тұралық та, сол ерлердің мұз жүрегін жібіткен, сағы сынғанда жылу беріп, бір жапырақ хатына бір жылға азық болардай махаббат пен жанашырлықты сала білген, осы хатын «Сағына күтем» деген сөзімен бекітіп, «Жеңіспен орал» деген сөзімен жігерлендірген нәзік жанды аруларға оралайықшы. Үлбіреген арулар өңі қуарып ауыр еңбекке араласты, жүрегі сыздай сүйгенінен хат - хабар күтті, қайғыға қайыспай, берілмей өмір сынынан өтті, қару алмаса да қанын берді, жігіт болмаса да жанын берді. Ал осы ару қыздарды да, асыл ерлерді де дүниеге әкелген ақ жаулықты аналарымыз қартайған шағында қызық көрудің орнына қайғыдан қара жамылды, бірі бауыр еті баласын, бірі өмірлік жарын күтумен болды, жолына телміріп, көз жасын көл қылды. Күнде «бүгін ұлым келеді-ау» деп таң атырған қайсар аналардың кейбірі қуанышын көре алмай дүниеден озса, көбісі қаралы хабар естіп гүлдей солды, ал енді біреулері сау күйінде соғысқа жіберген ұлдарын кесілген томардай мүгедек күйінде қарсы алды. Осы мезеттегі олардың қандай күйде болғанын елестетіп көріңізші! Бүгінгі бейбіт тіршіліктің ұсақ ауыртпалығына шыдамай, біз кейде өмірден түңіліп жатамыз, ал олар...олар болса осыншама қайғы-мұңды арқалап өмір сүрді, көкіректе мұз боп қатқан шерді ешкімге ақтармай ауыр күрсінуден дүниеден озды емес пе?! Таңның атысы күннің батысы жұмыс істеп ер орнына - ер, ана орнына - ана болып, өзінің де, өзгенің баласын асыраймын деп ауыр да азапты іс атқарған, кешке үйге келгенде суық пен аштықтан бүріскен титімдей балаларының түсіңкі қабағын көріп, ошак басының отын өшірмеуге тырысқан аналарды қалайша батыр демеуге болады?

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Рас, соғыс ешкімге де оңай тимеді, әсіресе бесіктен белі шықпаған жас бүлдіршіндерге ерте есею, тағдыр ауыртпалығын қабырғасы қатпай жатып көру аса ауыр болды. Жетімдік, аштық, еңбек пен кедейлікті көрген балалар кішкентай жүректерімен ел басындағы қиын кезенді түсіне білді, бөлісе, төзе білді. Бірі әкесін, бірі ағасын асыға күтті. Солар үшін барын салып еңбектенді. Көп балалар қорғансыздың күйін кешіп, өмірден де, өзгеден де соққы жеп, бір үзім нанды арман етті, тас еденде ұйықтады. Көз жасын суалта жылаған ол бейбақтар сонда да жүрегінде иман, жүзінде жылу бар түсінігі мол жандар боп өсіп, еліне қызмет ете білді.

Тойымсыздық пен жауыздықтан туған соғыс ешкімді де аямады, еңбектеген баладан еңкейген қартқа шейін езгіге салды. Одан көбі зардап шекті – тіпті. Табиғат – ана да бауырындағы талы мен баурайындағы гүлі отқа оранып, сұлу бейнесінен айырылды. Адамзатқа сый ретінде барын берген қайран тілсіз жер күңіреніп жата берді... Қаншама жан ажал құша жер бауырлап жатты, қаншамасы есінен ауысып жатты, қанша жетім еңірей жылап жатты. Міне, өмір деген осы, соғыс деген осы...

Иә, соғыстың қара бұлты келді, найзағайдай жарқыраған ұрыстар өтті, күндей күркіреген үрейлі кезеңдер туды. Дауыл күшімен ағаштар қалай жапырылса, адамдар тағдыр дауылымен алыса соқпақтарға барды, жау қолынан қаза тапқандар жай отымен жапырылған шөптей еді, дегенмен жауған нөсердің пайдасы болатыны сияқты осы кезең ел тамырын тәрбиемен суарды. Нөсер артынан күлімдеп жеңіс күні де көрінді, кемпірқосақтай шадыман өмір келді.

Жеңіс бізге осылай келді. Қазір біз батыр халқымыз аңсаған бақытты, бейбіт шақта ғұмыр кешіп жатырмыз. Олардың ерлігі халық жадында мәңгілік сақталады, себебі біз рухы биік, айбынды жандардан патриот, шыдамды, қайсарлы, қайратты, еңбекқор болуды үйрендік. Біз барда сіздерден алған тәлім- тәрбие ұрпақтар сабақтастығының белгісі ретінде жалғасын таба бермек. Мен бұған уәде беремін.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Сабыров Жәнібек**

5 сынып, Ә.Тәжібаев атындағы №36 мектеп-лицей  
Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті  
Жетекшісі: Сәбитқызы А.

**Ұлы жеңіс жасасын!**

1941 жыл. Қазақ еліне үлкен қасірет әкелген жыл. Анасын баласынан, баласын әкесінен айырған азапты жыл еді бұл. Елін, жерін қорғау үшін ер азаматтар майданға аттанды. Балалық шағы соғыспен тұспа-тұс келгендер ойынды да ерте ұмытты. Ал , баласынан әр күн сайын хат хабар күтетін әжелеріміз тылда жұмыс жасады...

Соғыс – ойламақ түгілі, естуге қорқынышты ұғым. Сонда да осы отты жылдар аралығында , Отан үшін, жері үшін аталарымыз, ағаларымыз, қандастарымыз ерлікпен қаза тапты.

1945 жыл. Өздері өліп жатса да жүректерімен жеңіп жатыр еді.

Жеңіс келді!

Көп күткен жеңіс келді!

Бас идіріп фашистік немістерді

Жаны жомарт ағалар жеңіс келді

Жеңіс келді! Көптен күткен жеңіс келді!

Сантаева Фариза

7 сынып, №152 орта мектеп  
Шиелі ауданы, Жөлек ауылы  
Жетекшісі: Әлихан Г.Ә.

### Қасіретті жылдар

Тарихты таразылап отырсақ, қазақтың басынан өткен қиыншылықтар аз емес. Соның бірі – 1941-1945 жылдар арасындағы Ұлы Отан соғысы.

Соғыс... Мен үшін бұл өте қорқынышты сөз, өйткені елімізге көп қасірет алып келген азапты жылдар. Әрине, біз соғысты көрген жоқпыз, бірақ ол туралы естідік, кітаптардан оқып, фильмдерден білеміз. Бұл сұм соғыс әр отбасын шарпып өтті десек қателеспеспіз, сірә. Өйткені біздің кішкентай аулымыздың өзінде талай ана жолдасын, бауырын немесе баласын соғыс кезінде жер қойнауына тапсырғанын ауыл ақсақалдары талай әңгімелеген.

Бізді қуантатыны – соғыстан аман қайтқан аталарымыз. Біздің ауылда соғыстан қайтқан ардагерлер көп еді. Қазір тек біреуі ғана арамызда. Ол - Мырзабаев Шәмші атамыз. Енді біз тек ол кісілердің айтқан әңгімелерін есте сақтап, жасаған істерін үлгі тұтудамыз.

Ардагер аталарымыз жайлы бірнеше таң асыра әңгімелеуге болады, олар туралы көптеген мәліметтер газет-журналдарда жазылды. Мен өз ойыммен бөлісіп, өзіме таныс жайларды ортаға салуды жөн көрдім. «Асылдың сынығы» дегендей, олардың әрқайсысының орны бөлек.

Мен танитын Қалжанов Сарыбай атамыз соғыс жайлы айтуды ұнатпаушы еді. Көп сөйлемейтін, томаға-тұйық кісі болатын. Алайда ол кісінің бағбандығы өзінше бір керемет болды. Еккен ағаштарының бірі қалмай көктеп, жайқалып шыға келетін. Ауыл тұрғындары өтініш айтып, бақшаларына жеміс ағаштарын ектіретін. Ойлап отырсам, мұның сыры, бәлкім, бейнеткештігі мен жасаған ісіне деген жауапкершілігінде ме екен? Кім біледі, бірақ ол кісідей жүрген жерін көктетіп, гүлге орап жүру көп адамның қолынан келмеді. «Барлығы жетіп, артылып тұрса да атамыз: «Үнемшіл болыңдар, нанның қиқымын тастамаңдар!» - дегенді көп айтатын. Өйткені соғыс жылдары тартқан азабы, аш қалған кездері есіне түсетін шығар», - дейді балалары. Сарыбай ата сөздің емес, істің адамы еді: артында ұрпағымен қатар, еккен ағаштары көздің нұрындай болып, мәңгі есте сақтасын дегендей, жайқалып қала берді.

Әбдіреев Әлиакбар ата тоқсанға келіп, өткен жылы ғана өмірден озды. Әлиакбар ата өзінің өрлігімен, шыншылдығымен есте қалды. Жыл сайынғы кездесуде атамыздың айтқан әңгімелерін ұйып тындайтынбыз, ол кісіге қосылып ән айтатынбыз. Орысша қосып сөйлейтін атамыздың сол әңгімелері



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

әлі біздің есімізде: «Мен соғысқа ерте аттандым. Стройда жүргенде әнді мен бастайтынмын, запеваала болдым», - дегенді көп айтатын еді. Айтқандай-ақ, ауылға келген соң да әскери әндер орындайтын топ құрып, көпке дейін ән айтып жүрді. Бейбіт өмірде қаза тапқан атамыз Жеңістің 70 жылдығы парадына да қатысып келген еді. Әлиакбар ата өрлік пен ерліктің белгісіндей есімізден еш кетпес, сірә. Қайсар, турашыл атамыздың бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталып қалғандай.

Сүйірбаев Нәби ата жапырағын кең жайған бәйтеректей ұрпағымен мың жасайды деп ойлаймын. Неге десеңіз, атамыздың балалары мен немерелері өте көп. Нәбиевтер десеңіз болды, бәрі тани кетеді. Балалары атамыздың атын өшпестей етіп көбейіп, көктеп отыр.

Мырзабаев Шәмші ата соғыста бір аяғын тізесіне дейін алдырып келді. Біз көргелі жасанды аяқпен ақсандап жүретін. Қазіргі уақытта Қызылорда қаласында балаларының қолында тұрады. Ардагер аталар жайлы толғанғанда:

Ақиқатты айқындап жариялар,  
Бара жатыр азайып қариялар.  
Дауыл тұрса, бүлк етіп толқымайтын,

Бара жатыр сарқылып дариялар, - деген Мұқағали Мақатаевтың өлеңі ойға оралады. Бұл шумақтар дәл осы біздің қарияларға қарап айтылғандай. Иә, аталарымыз бар ақиқатты бір емес, бірнеше қайтара айтты. Азапты жылдар сынағынан өтті, дүлей дауылға қарсы тұра білді, бейбіт өмірде де өз орындарын айқындап, ұрпағына өмір сүрудің үлгісін көрсетті. Енді олар аққан судай жылжып барады, азайып барады. Әрине, ешнәрсе мәңгі емес, жақсының аты, ғалымның хаты өлмейтіні де белгілі, сондықтан аталарымыз ұрпағымен мың жасайды, жасай береді.

Иә, соғыс туралы жазу өте ауыр, кісінің көңіліне кірбің ұялайды. Бірақ сол азапты, қасіретті жылдардың болғанын, оның зардабының ұзаққа созылатынын және ондай сұмдықтың қайталануына жол бермеу керектігін біз білуіміз керек. Соғыс даласында болашақ үшін, біз үшін аянбай соғысқан әрбір азаматқа шексіз алғыс айта білуіміз қажет.

Менің айтарым - аталарымыздың жүрегін қан жылатқан соғыс өрті мәңгі өшсін! Талай боздақтар осы бейбіт күннің орнауы үшін жанын пида етті. Ұрыс даласында бір үйдің баласындай бауыр болып, қан кешіп жүріп, қиындықта бірін-бірі тастамай, асқан бауырмалдықтың үлгісін көрсеткен аталар үмітін ақтау – біздің міндетіміз. Ұлы Жеңіске жеткен ардагерлеріміздің аманаты – елімізде бейбіт өмірді сақтау. Егер осы жүкті арқалап жүре білсек, аталарымыздың үмітін ақтағанымыз. Лайым, әрдайым солай болғай!

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Қазіргі таңда елбасының сындарлы саясатының арқасында бақытты өмір кешіп, алаңсыз өмір сүрудеміз. Болашағымызды осы кезден ойлап, білімнің шыңына шығып, дамыған елдермен теңессек, соғыс өртің өршітпеуге шамамыз жетері анық. Мен осыған сенемін!

Сражова АҚТОТЫ

8 сынып, № 275 мектеп

Байқоңыр қаласы

Жетекшісі: Мендибаева Л.А.

### Бейбіт өмірге 71 жыл!

Бүгінгі ұрпақ Ұлы Жеңісті алып берген аға буын алдында  
әрқашан қарыздар  
Н.Ә.Назарбаев.

Көше де жерден жасыл шатырлары,

Ізі мен оғы жатыр тақырда әлі.

Уақыттың дауылында ұрпағына,

Елдіктің жолын сілтеп жатыр бәрі – Қазақтың батырлары! - деп қазақтың ақиық ақын қызы Фариза Оңғарсынова апамыз жырлағандай, сайын сахараны дүбірлетіп өткен батыр бабалардың ұрпағы, 1941-1945 жылдардағы 1418 күнге созылған қан майданда мұз жастанып, қар кешкен, нәзіктігіне қарамай алыптың ісін жасаған, Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметованың өмір жолы, ерлік өнегесі – мәңгілік таусылмайтын әңгіме, айнымас шындық.

Елі үшін жанын пиде етуге даяр, зиялы, мәдениетті ата-ананың тәлім-тәрбиесі Мәншүкті биік мұраттарға жетелеген. Жастайынан әкесіне еліктеп өскен, балалық арманынан ажырамаған Мәншүк оны іс жүзінде дәлелдейді. Әсіресе «Шығыс Шолпаны» атты деректі фильмінде «Егер менің әкемдей адал жан халық жауы болса, кім халық жауы емес?»- деп Сталинге дейін арыз жазып, майданға аттанған сәтінен әке алдындағы парызына деген адалдықты, өжеттікті көруге болады. Бүгінгі бейбіт заманда өмір сыйлаған ең қымбатты ата-анасын қараусыз тастап, қарттар үйіне өткізіп, өмірінің жалғасы – ұрпағын сәбилер үйінде қалдырып жатқан жастар еріксіз есіңе түседі, олардың іс-әрекеттерінен қынжыласың, қорқасың, келешек жастар осындай жат қылықтан аулақ болса деп тәңірден де тілейсің.

Мәншүк апамыз жайлы ең алғаш қалам тартып, өмірінің соңына дейін оның ерлігін жырлаумен өткен қаламгер ағамыз Әзілхан Нұршайықов:

Қара көз қазақ қызы Мәншүк батыр

Орнатқан дұшпанына заман ақыр.

Өлтірген талай жауды баудай турап,

Ерлігің естен кетпес толып жатыр...,-деп, ерлігін дүние жүзіне паш еткен.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Мәншүк апамыз 21 жасында Отан үшін отқа түсті. Біздің осы бақытты өміріміз үшін өз басын отқа салды. Отан соғысында 20 миллион халық осылай қаза тапты. Сол қаза тапқандардың қанымен, тірі қалғандардың сынған сүйегі, тілім-тілім болып жараланған жанымен Отанымыз жаудан аман сақталып қалды. Егер де Мәншүк, Әлия, Зоя Космодемьянская сияқты тәтелеріміз өз өмірін қиып, Отанды қорғамаса, қазіргі таңда қуана күліп отыра алмас едік. Фашистердің күні, құлы болып, көздерімізден жас парлап, қорлық өмір кешетін едік.

Алапат соғыстың кесірінен Мәншүк апамыз жар сүйіп, бала әлпештеген ана бола алмады. Немере сүйіп, әже де бола алмады. Егер Мәншүк апамыз тірі қалғанда жар да, ана да, министр де, ғалым да бола алатын еді. Ол тек қана Жеңістің анасы болды. Жеңістен өрбіген біздердің әжеміз болып, мәңгі есімізде қалды.

Мына бір өлең ойыма оралып тұр:

Жеңіс жырын айтсын бүгін тіл-көмей,

Абзал досым, мүгедекті жүр демей!

Ел дегенде еңіреп туған ерлерді,

Еске алайық бір сәт тұрып үндемей,- дегендей, ел дегенде ішкен асын жерге қоятын қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлы атамыз:

Жігіт болсаң, жігеріңді жасытпа,

Қайратыңа қайта мін,- деген.

Қазіргі жастардың бойларынан Бауыржан атамыздай батылдық, Отанына деген патриоттық сезімінің шынайылығы табылса екен деймін.

Бауыржан Момышұлы атамыздың «Еліңді сүймей, ерлік істей алмайсың» деген сөзі бар. Сондықтан біз, келешек жастар, мектебіміздің абыройын асқақтатып, жақсы оқи отырып, Отанды шексіз сүюіміз керек деп ойлаймын.

Бүкіл адамзаттың бейбіт дамуының, тұрмыс-тіршіліктің рахатына кенелуінің бақыты үшін миллиондар жанын пидә етті. Ұлы Отан соғысында құрбан болған жандардың есімі еш ұмытылмақ емес!

Ұлы Отан соғысындағы Ұлы жеңісіміз достықты шыңдаған, бірлікті жырлаған, ер намысы болып аталған, ел дауысы болып шақырған Жеңіс! Арын жалау етіп, жанын алау етіп жауға аттанған ел ұландары Отанымыздың байтақ жерін қорғады, ақ сүт берген анасын қорғады, пәк күлкі шашқан баласын қорғады, парасатты данасын қорғады.

Қазіргі бейбіт өмірді, бақытты күнді елі мен жері үшін арыстандай алысқан жеңімпаз жауынгерлер біз үшін, келер ұрпақ үшін сыйлады. Сондықтан да бұл күні барлығымыз Отан үшін жанын берген қаһарман-

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

дардың ерлік рухына бас иіп, көзі тірі ардагерлерге құрмет көрсетуіміз керек.

Елбасымыз: « Бейбіт күнді, тұрақтылықты бағалайық» деген.

Жеңіс алға жетеледі,

Өмірлері өте берді.

Ерлік ерен жүректілік,

Мәңгілік есте қала берді,- деп, өз өлең шумағыммен шығармамды аяқтаймын.

Сырлыбай Зүлфия

8 сынып, №33 орта мектеп  
Жалағаш ауданы Бұқарбай батыр ауылы  
Жетекшісі: Айділдаева Г.А.

### Күтумен өткен өмір

Ұлы Жеңістің 71 жылдығына шығарма жазу туралы ұстазым тапсырма берді. Көп ойландым. Кенет, нағашы атамның үйіндегі сурет есіме түсті...

Нағашы атамның үйінде төртеу екі сурет тұр. Анасы мен баласы... Олар кездескен - ау... Күлімсіреп тұр...

Атам болса, ағасы әскерге кеткенде 4-5 жастағы кішкене сәби екен. Ағасы кетерінде көтеріп алып, бетінен сүйіп тұрып «Әке - шешемізді сен бағасың» деген екен даусы толқығандай дірілдеп шығып..

Ағасы хатты өлендетіп жазады екен. Барлық хатында да ата - анасын кішкентай ғана інісіне тапсырып, үлкен адамға айтқандай ақыл айтумен болыпты. Сірә, оралмайтынын сезген шығар....

Атам хаттарды әлі сақтап жүр. «Анамның аманаты ғой», - дейді. Анасы барлығын да жаттап алған екен, сонда да ақжемі шығып, қиылып кеткен хаттарды қайта - қайта оқыта береді екен. Тұңғышына деген сағынышын солай басқан шығар...

Суретте жап - жас жігіт күлімсіреп тұр. Мен ол кісі туралы бұрын да естуші едім. Ал енді, ұлы әжемнің сағынышы маған ауысқан сияқты. Ойымнан шықпай қойды.

Ауылда есіл ерлерге арналған монумент - ескерткіш бар. Онда Рай көкөнің де есімі қашалып жазылған. Бірақ ұлы әжеміз «Үкімет те қателеседі ғой, менің жүрегім сезеді. Балам тірі.. Бір күні келеді... Жарқ етіп кіріп келеді күнім..» деп үмітін үзбей күтеді екен. «Ендігі үйленіп те алған шығар.. Келіншегі орыс па екен, е мейлі, орыс болса, бола берсін. Келсе, ұрыспай ақ қояр ем!.. Бір көрсем, сосын өлсем арманым жоқ...» дейді екен.

Ұлы әжеміз 96 жас жасапты. Бақұл болар кездегі ең соңғы сөзі де баласының есімі болыпты.

- Рай...

Сірә, олар кездесіп жатты - ау...

Анасы туралы айтқан нағашы атамның үзік - үзік әңгімесі мені қатты толғандырды. Зұлмат жылдардың зардабынан қайғыдан қан

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

жұтып,көкірегі шерге толған ана бейнесі, сағыныштан сарғайып,жүрегі сыздаумен өткен ана бейнесі,жақсылық хабардан күдер үзбей, үмітін жалғап өмір сүрген кейуана бейнесі көз алдымнан кетпей қойды...

Атамның әсерлі әңгімесі менің көңілімде өлең боп өріліп жатты...  
«Ананың аңсауы» атты өлеңімді ұлы әжемнің рухына арнадым.

**Ананың аңсауы**

Құлыныңды, әже, сен күтіп өттің,  
Сарғайып, көз жасыңды жұтып өттің.  
Жансыз бейне жалғыз сурет - жұбанышың,  
Аялап, кеудеңе ап, қысып, өптің.  
-Бұл кім, әже?- деп сұраушы ем, баламын мен,  
«Көкең ғой...» деп күрсініп бір қалатын ең.  
Балалықпен білмеппін ғой,әжетай - ау,  
Тырнаппын ғой жүрегіңнің жарасын мен.  
Боздаушы еді - ау ботасын іздеп әжем,  
Жазуындай сағыныштың жүздегі әжім.  
Жаттап алған хатты оқып , күш жиғандай  
Ширап сала беретін гүлдей әжем.  
-Апа!-деп, арсалаңдап келсе кіріп,  
-Күнім ! -деп бір иіскеп кетсем «жүріп»,  
Арманым жоқ бір көрсем деп айдай жүзін  
Күдер үзбей 40 жыл күтті ұлын.

71 жыл тойланбақшы елімізде,  
Екі сурет қатар тұр төрімізде.  
Күлімсіреп қарайды бізге олар  
Дегендей «Кездестік біз,көріңіздер!»  
Жер -жерлерде бүліншілік болып жатыр,  
Жастар- шейіт,қызғалдақтай солып жатыр.  
Мақтанамын бақытты елде туғаныма  
Біздің елде айтулы той болып жатыр.  
Аналар «боташым» деп жыламасын,  
Биік болсын елім туы, құламасын!  
Әлемге үлгі болды қазақ ең бірінші  
Тоқтатуда ядролық сынамасын.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

**Тастаева Ақсымбат**

8-сынып, №219 Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп

Шиелі кенті

Жетекшісі: Бимұратова Н.Қ.

### **Ұлы Жеңіске- 71 жыл**

Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздің әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын күллі әлемге танытқан қасіретті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың сол ұлы ерлігін мәңгілік ел жадында сақтауға арналған ең қастерлі мереке. Осыдан 71 жыл бұрын дүние жүзі тарихындағы ең сұрапыл да қырғынды соғыс аяқталды.

1941 жыл 22 маусым-тарихта мәңгі қалатын қасіретті күн. Дәл осы күні фашистік Германия Кеңестік Социалистік Республикалар Одағына шабуыл жасады. Дәл осы күні «Ұлы Отан Соғысы» басталды. Кеше ғана мектеп партасында отырған бозбалалар елін жаудан қорғау үшін қолына қару алып, қан майданға аттанды.

Соғысты бірінші болып қарсы алғандардың қатарында Кеңес Одағының батыс шебін күзеткен шекарашылар болды. Брест гарнизонында 1941 жылы үш мыңдай жерлестеріміз қызмет еткен екен. Шілде айында олардың көпшілігі елге қайта оралуы керек еді, бірақ жау шабуылы олардың жоспарларын күл-талқан етті. Соғыс кенет басталды. Соғыс өрті де ішке қарай тез енді. Бірақ соған қарамастан Қазақстан соғыстың алғашқы күнінен бастап жұдырықтай жұмылды. Қазақстан армия мен флот үшін офицерлік кадрлар және резервтік күштер дайындауға да айтарлықтай үлкен үлес қосты. 1941-1945 жылдары әскери оқу орындарынан 42 мыңнан астам адам майданға жолданды.

Соғыстың алғашқы кезеңінде 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, майданға жіберілді. Қазақстандық 36 жеке атқыштар бригадасы 30-дан астам ұлттан құрылды. Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қырғызстаннан шақырылған жігіттерден 316-атқыштар дивизиясы құрылып, оның командирі генерал М. В. Панфилов болды.

Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қазақ жігіті-Рахымжан Қошқарбаев. Партизандардың қатарында шайқасқандардың бірі- Қасым Қайсенов. Сонымен қатар Кеңес Одағы батырларының қатарында қазақтың екі қызы-мерген Әлия Молдағұлова мен пулеметші Мәншүк Мәметова болды.

Қазақстандық әр отбасы соғыс ауыртпалығын өз басынан өткерді. Егер соғыс алдында Қазақстанда 6 млн 200 мың адам тұрса, соғыс жылдары

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

майданға бүкіл халықтың төрттен бірі аттанды. Бұл 1 млн 700 мың қазақстандық. Олардың жартысынан астамы соғыстан оралмады.

Экономиканы соғыс жағдайына көшіруде және майдан тапсырмаларын орындаудағы табыстарға ерен күш-жігер мен жанқиярлық еңбектің арқасында қол жетті. Алайда таңдаулы ұлдары майданға аттанған республикада жұмыс қолы жетіспеді. Сол кезде олардың аналары мен қарындастары станоктарға тұрып, тракторларға отырды. Осы тұста мен өз ауданымның тыл ардагерлері тракторшы қыздары Ш. Қазанбаева мен Ұ. Алтайбаеваны айтып өткім келеді.

Соғыстың басталуына байланысты Қазақстанның экономикасында көптеген өзгерістер болды. Себебі, соғыс майдан даласында ғана емес, басқада аймақтарды қамтыды. Қазақстан жері жау қолына өтпеу үшін кәсіпорындар көшіріле бастады. Аз уақытта Қазақстанға 142 кәсіпорын орналастырылды, елге 532506 адам көшірілді. Кәсіпорындармен қатар Қазақстанға жұмысшылар да көшірілді. Соғыстың алғашқы жылында Қазақстанда 25 кен орны мен шахта, 11 кен байыту фабрикалары, 19 жаңа көмір шахтасы, 4 жаңа мұнай кеніші іске қосылды. Қазақстан Кеңес Одағының негізгі әскери-өнеркәсіп базасына айналды. Соғыс кезінде Қазақстанның ауыл шаруашылығының жағдайы төмендеді. 1942 жылы еңбеккерлердің саны 600 мың адамға кеміді. Ауыл шаруашылығында әйелдер еңбек үлесі артты. Соғыстың алғашқы күндерінен Қазақстан майдан арсеналына айналып, майдан мен тылды қару-жарақпен, оқ-дәрімен, азық-түлікпен қамтамасыз етуші аймақ болды. Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен жұмысшылар ерлігі аңызға айналды. Соғыс жылдарында Ы. Жақаев, Ш. Берсиев, Б. Самжүрекова, Ким Ман Сам, В. П. Кривич, И. Я. Кудлай есімдері бүкіл елге әйгілі болды. Қазақстандық жауынгерлер Украинаны, Белоруссияны, Балтық бойын, Молдовияны азат етуге қатысты. Мыңдаған қазақ жігіттері Кеңес әскерінің құрамында Шығыс Еуропа халықтарын Гитлердің тепкісінен азат етуіне ат салысты. Партизан қозғалысына қатысқан даңқты қазақ жігіттері: Ғ. Ахмедьяров, Ғ. Омаров, В. Шарудов, Қ. Қайсенов, Ә. Шәріпов, Ә. Жангелдин, Ж. Саин, Н. Көшекпаев т.б. есімдері бүгінде зор құрметке ие болды. Қатал соғыс жағдайында жұмысшы табының колхозшы шаруалардың, зиялылардың еңбек және шығармашылық белсенділігі артты. Соғыстың үшінші күнінде Алматы ет комбинатының ұжымы майдандық вахтаға тұрды. Павлодар, Манкент жұмысшылары демалыс күнгі еңбек ақыларын қорғаныс қорына аударды. Семейдегі «Ретивый» кенішінің ұжымы әрбір айдағы демалыста жұмыс істеп, қаржыларын қорғаныс қорына аударуға бастама көтерді.

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

1941 жылы тамыз — қыркүйек айларында Ленинград майданының әскерлері аса қиын жағдайда қалып, 10 қыркүйекте армия генералы Г.К. Жуков майдан қолбасшылығына тағайындалды. Ол Балтық флотымен бірлесе отырып, қала қорғанысын нығайтуға көп күш салды. Ленинград 1941 жылы 8 қыркүйектен 1943 жылы 18 қаңтарға дейін жау қоршауында болды. Қоршаудағы Ленинград сыртқы дүниемен тек Ладога көлі және әуе жолы арқылы байланысты. Қаладағы әскерилер мен жалпы халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі қиынға соқты.

Мыңдаған Қазақстандықтар Ленинград түбінде ерлікпен шайқасты. Балтық флотындағы «Киров» крейсерінде 156 Қазақстандық жауынгерлер өз борыштарын ерлікпен орындады. Еліміздің «халық ақыны» атанған Ж.Жабаевтің «Ленинградтық өренім» жыры жауынгерлерді жігерлендіре түске еді.

Кеңес халқының 1941 — 1945 жылдары фашистік Германияға қарсы соғыс жеңісінің 20 жылдығына байланысты 1965 жылы 8 мамырда Ленинградқа қаһарман қала атағы берілді.

Қазақстан Сталинград майданының ең жақын тылы болды. 1942 жылы 1 қыркүйекте Атырау қорғанысы құрылды. Чапаев, Ушаков, Тайпак, Зеленов аудандарында әуежайлар салынды.

1945 жылы 1 мамырда Сталинград қаһарман қала атағына ие болды. Сталинградтағы шайқастың батырларының құрметіне 1960-1967 жылдары Мамай қорғанында мемориалды кешен салынды.

Азабы көп, қайғылы «Ұлы Отан соғысында» жеңіске жеткенімізге, міне, 71 жыл толғалы отыр. Жеңіс! 1945 жылдың 9-мамыры күні дәл осы шаттық хабарды естіп тұрып, бүкіл әлем теңселіп кетті. Жер жүзі халықтарының жүректері қуаныштан лүпіл қақты..

Ұлы Отан соғысы 4 жылға созылды. Майдан даласында 600 мыңнан астам адам қаза тапты. Бұл ақпарат бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Бүгін Қазақстанның барлық қалаларында Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштеріне гүл қою рәсімдері өтуде.

Отан соғысы майдандарында, жау тылындағы партизандар мен Еуропа елдеріндегі қарсыласу қозғалысы қатарында шайқасып, фашизм концлагерьлерінде қаза тапқан өжет, қайсар қандастарымыз рухына бас иеміз. Әрине, соғысты, оның қорытындыларын бағалауда әр ұрпақтың өз көқарасы болуы мүмкін. Уақыттың тарихи-саяси оқиғаларды бағалауға, саралауға өз таңбасын салуы – табиғи құбылыс. Бірақ олар түбегейлі, принципті мәселеде өзгермеуі керек. Көлемі, қаталдығы, адам және материалдық шығыны жағынан екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихындағы ең жойқын соғыс болды. Ол дүние жүзі халықтарының бестен

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

төртінің тағдырына әсер етті. Соғыс қимылдары әлемнің 40 мемлекетінің аумағында жүрді.

Біз, жас ұрпақ, ата-бабаларымыздың ерлігін бағалап, оларды ешқашан ұмытпауымыз керек. Болашақ-тарихтан басталады деген сөз бар. Әр Қазақстан азаматы өз тарихын білуге міндетті деп есептеймін!

Темірбаева Ақниет

10 сынып № 273 орта мектеп,  
Байқоңыр қаласы  
Жетекшісі: Баенов А.

### Ерліктің ғажап үлгісі

Есімің белгісіз болса да,ерлігің сенің мәңгілік  
С.Михалковтың Мәскеудегі белгісіз батырларға арналған ескерткіштегі  
жазуы

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 71 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп,ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Ұлы Жеңіс күнінде елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысы халқымыздың басына төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен Отаны үшін, келешек ұрпақ үшін қан құйлы соғыс жүріп жатты. Сол кездегі Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге жауды талқандап, жеңіске жету ісіне қазақ халқы да өзінің лайықты үлесін қосты. Қазақстандық жауынгерлер Брест қамалынан бастап Берлинге дейін барды. Олар Сталинград түбіндегі жертөлелерде, Днепр өткелінде, Москва мен Ленинград үшін болған ұрыстарда ерен ерліктер көрсетті. Украинаны, Кавказды, Белоруссияны, Қырымды, Прибалтиканы азат етті. Польша, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Болгария, Германия жерлеріндегі майдан жолдарында жеңіс туын көтеріп өтті. Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің қандастарымыз қатыспаған бірде-бір үлкен шайқас болмады.

Қазақ ел басына күн туғанда жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парақтарына үңіліп қарасақ, қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал – айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған қайсар жауынгерлеріміздің бірі – Бауыржан Момышұлы еді.

Момышұлы айтқандай, Отан үшін өз басын өлімге байлап, ажалмен алысып, өз ұрпақтарының, өз халқының намысын қорғағаны өз халқын шын сүйетіндігінен болса керек. Сондай қиыншылық жағдайда дұшпанның

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

каптаған қаракұрым күшіне төтеп беріп, олармен табан тіресе шайқасқан аталарымыздың ерлігі біздің көкірегімізге мақтаныш сезімін ұялатады.

Ержүрек батырдың кітаптарын оқып отырып,терең ойға қалам. Отанға деген сүйіспеншілігінен, халқына деген махаббатынан, ұлттық биік рухынан қуат аламын. Бауыржан атаның қаламынан шыққан «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя» шығармаларын оқып шықтым. Оның шебер суреткерлігіне, адам психологиясын танып-білудегі сезімталдығына таң қаламын. Шығармаларындағы әр кейіпкер өзгеше бір әлем... Әр сөйлемде тұнып тұрған сыр жатыр. Бұларды оқып қана қоймай, жаттап, үлгі өнеге алуымыз керек. Оның бізге қалдырған мәңгілік өшпес, ғасырдан-ғасырға жетер мұралары үшін ұрпақтары мәңгі қарыздар. Бақытты болашақ, тәуелсіз ел – аңсаған арманы еді. Бүгінде батырдың арманы орындалып, ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын дінгегі-халықтың бақ жұлдызы жанды.

Батыр ата тағылымын зер сала оқып үйрену – бүгін де, ертең де келешек ұрпақ үлесінде. Ұлт болашағының негізін жасайтын жастар санасы өркениет деңгейіне сай болуы шарт.

Осыны ойлаған кезде атаның: «Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім, енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Екінші, немересіне ертегі айтып беретін әжелерінің азаюынан қорқам. Үшінші, дәмді, дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді. Оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр. Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әже, әке жоқ»,– деген өсиеті ойға оралады.

Бұл – үлкен алаңдаушылық. Өзін халықтан бөліп қарай алмайтын тұлғаның алаңы. Бұл үн бүгінгі дәуірмен де үндесіп жатыр. Бауыржан атамыздың осы бір сөздерін бүгінде пайғамбарлықпен қабылдау керек шығар. Бұл күнде, ХХІ ғасырда, жаһандану заманында, сол бір сұрапыл соғыстағы кеңес жауынгерлерінің көрсеткен ерлігі мен қасық қаны қалғанша ұрысқа түсіп, бастарын оққа тіккендері қалай бағалануда?! «Көзден алыстаса, көңілден де алыстайдының » кері емес пе бұл?! Тәуелсіз Қазақстан үшін дәл осылай туған елі үшін, атамекен жері үшін атқа қонар азаматтарымыз бар ма екен?! Нағыз патриот, нағыз елжандылық осындай қиын-қыстау шақта байқалмай ма?!

Менің әке-шешем кеңес дәуіріндегі ардагерлердің орны жайлы үнемі айтып отырады.Өйткені сол Отанымыздың шаңырағын шайқалтпау үшін өлімге бастарын тікті емес пе?! Ал бүгінде, тәуелсіз Қазақстанда Ұлы Отан соғысының ардагерлері, батырлары туралы қалай айтылады?

Посткеңестік кейбір елдерде кешегі өткен алапат соғыстағы ерлік істерді әр түрлі қырынан қарап, саяси сәуле түсіріп, бүгінгі күнде адам түсіне бермейтін жайттар соңғы кезде теледидар бағдарламаларында, ғаламторда жиі айтылып жатады. Қазақстандықтардың да бұл соғыстағы ерлігіне бүгінде



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

ешкімнің «күмән» келтіруіне құқы жоқ. Өйткені жиырмаға да толмаған, жас жеткіншектер, ағаларымыз, аталарымыз, бауырларымыз, ағайын-туыстарымыз мәңгіге кетіп, майдан даласынан оралмады. Бірде-бір шаңырақты айналып өтпеді бұл соғыс! XX ғасырдың зұлматы еліміздің тарихында қайталанбаса екен деймін. Бүгінде жер шарының көптеген жерінде әр түрлі сипаттағы қырғын-қақтығыстарды көре тұрып, тәубе етемін.

Көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаев бастаған ел ағалары осы жайттардың бәрін көріп біліп, сарабдал да салиқалы саясат жүргізіп келеді.

Бүгінгі ұрпақ, мына біздер, осы саясатты, осы ұстанымды әрі қарай жалғастыруымыз керек! Тарихты білмей, болашақты болжау мүмкін емес. Қазақ елінің тарихында Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Бұхарбай, Наурызбай, Жанқожа, Райымбек батырлар қандай орын алса, Ұлы Отан соғысының ардагерлері де дәл сондай ұлылық пен ұлықтауға, тағзым мен тағылымға ие. Өйткені қай батыр болмасын, өз заманының батыры, өз Отанының қорғаушысы. Сондықтан бүгінгі күні ардагерлердің ерлігіне күмәнмен қарап, не болмаса оларды көпе-көрнеу ұмытып, олардың азаттық, елдік рухына сәуле түсіретіндерге өз қарсылығымды білдіремін. Білдіріп қана қоймаймын, оларға тойтарыс беремін!

«Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде,

Деп жылап сорлы қазақ мен өлгенде.

Ұрпақ атар 80 мен жүздігімді,

Тарихтың түкпіріне сөз келгенде», – деп өзі айтқандай, 1990 жылы кеш те болса Бауыржан Момышұлына «Кеңестер Одағының Батыры» атағы берілді. «Бауыржан жұлдызды болған күн – қазақтың жұлдызы жанған күн» деп Елбасымыз батырдың халықпен бірге екендігін толғана, тебірене айтты.

Жеңіс күні – соғыстан оралмай қалған ерлеріміздің рухына бас иіп, арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне құрметпен қарап, олардың қайсарлықтары мен ерліктеріне тағзым ететін күн емес пе?! Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: « Ұлы Жеңіс – Қазақстан тарихының жарқын беттерінің бірі. Бұл қан майданда от кешкен соғыс ардагерлері мен сол жылдарда «Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін» деп, жарғақ құлақтары жастыққа тимеген тыл ардагерлерінің мейрамы» деп атап өткен болатын. Табан ет, маңдай термен келген осы Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман жазушыларымыздың бірі де бірегейі – Бауыржан Момышұлының қаһармандық рухы ұрпақтан ұрпаққа өнеге болады деп санаймын. Президентіміздің "Мәңгілік ел" идеясы дәл бүгінгі күні ел тарихы мен ел болашағы үшін ең қажетті идея десек те болады. Себебі қазақстандықтарды осындай аумалы-төкпелі заманда көп ұлтты жұртымызды бір тудың астына жинап, еліміздің алдыңғы қатарлы дамыған елдермен терезесі тең түсер дәрежеге жетуіне оң ықпалын тигізері сөзсіз. "Мәңгілік ел" идеясы мәдениеті, әдебиеті, өнері, ғылымы мен техникасы, әл-ауқаты жаһандану көшінен қалмай, әлемдік кеңістіктегі



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

орнымызды ойып аларлық дәрежеге жеткізер идея деп түсінемін. Осы орайда Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерлік істері, қаһармандық қаракеттері "Мәңгілік ел" идеясының ажырамас бір бөлігі дер едім. Сондықтан да біз ұлы жеңісті ұлықтап өтеміз. Бұл ұрпақтар сабақтастығы үшін ең құдіретті қару деп түсінемін. Кеңес үкіметі кезінде жеңіс мерекесін қалай тойласа, Тәуелсіз Қазақстанда солай мерекеленуі керек деп санаймын.

Көп ұлтты Қазақстан елінің азаттығы, жұртының амандығы, шекарасының бүтіндігі үшін тарихи бұл Ұлы жеңістің алатын орны ерекше деп ойлаймын.

**Уәли Еркебұлан**

8сынып, №118 орта мектеп

Жетекшісі: Ойнарова М.

### **Атамды мақтан етемін**

Иә, мен өз атамды мақтан етемін. Жеңістің 71 жылдық мерекесі қарсаңында менің атамның құрметіне арналған оқушылар арасында шығармалар жарысы өткізіліп жатыр. Өзім қатарлы өзге балалар атам жайлы өз ойларын жазып жатқанда менің де жазғаным дұрыс болар.

Менің атам-Дүйсенбиев Уәли 1924 жылы 1 қаңтарда Қармақшы ауданының Қызылсая колхозында дүниеге келген. Ауылдағы жеті жылдық мектепті бітірген. Жас кезін есіне алғанда, жоқшылықты көп көріп өскендігін айтады. Ұлы Отан соғысы басталған кезде атам небәрі 17 жаста болған екен. Екі жылдан соң, 1943 жылы Қармақшы аудандық әскери комиссариаты арқылы әскерге алынып, 94-атқыштар дивизиясы құрамында Қиыр Шығыста болыпты. Бір отбасынан соғысқа аттанған Жәли, Әли, Уәли атты үш жігіттің екеуі соғыстан оралмаған. Соғыстан аман қайтқаны атам ғана болады. Бауырларын үнемі айтып, көзіне жас алып отырады.

Атамның айтуынша, соғысқа аттанарда әжесі кішкене бойтұмарға туған жердің топырағын салып, мойнына тағып беріпті. Қайда жүрсе де бойынан тастамапты. Алыста жүріп туған жерді, туған елді, туған-туысқанды сағынғанда, киелі туған жердің кішкене топырағы көңіліне демеу болыпты.

1945 жылы жапон самурайларына қарсы соғысқа қатысыпты. Елден соғысқа бірге аттанған жолдасы Избасов Жолаушы екеуі бірге жүріп, бірге соғыстан оралыпты.

Соғыстан оралмай қалғандары қаншама...

Ауылымыздың орталығында «Белгісіз солдат» ескерткіші бар. Ескерткіште «Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941-1945 ж бақытты өміріміз үшін жанын қиған Таң совхозының жауынгерлері»-деген жазу тұр. Кішкене ауылдың өзінен осынша адам өз отбасына оралмаған, хабарсыз кеткендері қаншама. Жыл сайын Жеңіс мерекесі қарсаңында атам сол жерге барып, гүл шоқтарын қойып, құран оқиды. Мына суреттегі ескерткіш алдында суретке түскен менің атам ( Жеңістің 60 жылдық мерекесінде түскен .Оң жақтағы)

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**



1947 жылы елге оралған кейін 1948 жылы Торта әжеммен отау құрыпты. (Әжем атамды атымен атамай «Шопан»-деп атайды екен).

1947-48 жылдары колхозда қойма меңгерушісі, 1948 жылы ауылдық советте секретарь, 1971-73 жылдары күріш екті. Ауылда сол жерді «Уәли аңызы» деп атап кеткен. 1973 жылдан еңбек зейнетақысына дейін сиыр бағып бақташы болып жұмыс атқарған. 1986 жылы зейнеткерлікке шықты. 18 жыл бойы үзбестен шопан болып еңбек етті. 1988 жылдың маусым айында соғысқа қатысқаны жөнінде куәлігін алыпты. Куәлік номері №373322. Уақыт талабына сай мал шаруашылығы саласында қол жеткен табыстары үшін Қазақстан Компартиясының XII съезінде делегат болып қатысты. Жалпы еңбек стажы 40 жыл. Күріш және күріш өсіретін өндіріс бригадирі болды. Өзіне бекітілген күріштің әр гектарынан 50-60 ц аралығында өнім алды. 1984 жылы «Таң» кеңшарынан зейнеткерлікке шыққан.

Отбасында он бала тәрбиелеп өсірген. Олардың барлығы жан-жақта әр түрлі салада жұмыс атқарады. Мен атамның ең кенже немересімін. Ес білгеннен бері мен атамның қасында болып, естелік әңгімелерін тыңдағанды ұнатамын. Қазір атам 90 жаста. Құлағы ауыр естіп, көзі нашар көретіндіктен аудандық, облыстық газет-журналдардағы жаңалықтарды үнемі оқып беремін. Атам Ұлы Отан соғысынан оралмағандарды еске алып отырады және жыл сайынғы жеңіс күні мерекесінде Ұлы Отан соғысынан оралмаған ауылдастар ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, құран бағыштайды. Мен де атаммен бірге ауылымыздағы ескерткішке гүл шоқтарын қойып жүрмін. (Жеңістің 65 жылдығы. Сол жақтан үшінші менің атам))

**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**



«Жеңістің 25 жылдық», «Жеңістің 35 жылдық», «Жеңістің 40 жылдық», «Жеңістің 50 жылдық», «Жеңістің 60 жылдық», «Жеңістің 65 жылдық » медалдарымен қатар, «СССР-дің қарулы күштеріне 70-жыл», «Кеңес одағының Маршалы Р.К.Жуков атындағы», «В.И Лениннің 100 жылдығы», «Ерен еңбегі», «Еңбек ардагері», «Астанаға 10 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған

Еңбек және соғыс ардагері Дүйсенбиев Уәлиге 2015 жылы Ауданның Құрметті азаматы атағы берілді. Уәли ата жар таңдап шаңырақ құруда да бақыт құшағына бөленген адам. Құдандалы жекжат туыс болып, 10 баладан 32 немере, 38 шөбере сүйіп отыр.

Атам елдің бақытын, ауызбіршілігін, соғыстың болмауын, сәбилердің ұйқысының бұзылмауын тілейді.



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

Жеңістің 70 жылдығына орай ауданымыздың Құрметті азаматы атағы берілді.

Өз ойымды мына өлең шумағыммен аяқтаймын.

Ауылымызда тойланбақ Жеңістің 70 жылдық мерекесі,  
Ұлы Отан соғысының ардагері, ауылдағы бір ғана куәгері.  
Дүйсенбиев Уәли атамды барлығыңа мақтан етем,  
«Ауданымыздың Құрметті Азаматы » атағын иеленді .

Ыбрашева Ақерке

12 сынып, Назарбаев Зияткерлік мектебі  
Жетекшісі: Мананбай Г.А.

### Болашақ ұрпақтың баянды ертеңі үшін ...

Ерте ғасырларда жужандар мемлекетінің елшілер ғұндарды Мөңке қаған билеп тұрған сәтте қонаққа келіп, басынсыған түрмен, қағанның астындағы атын сұрапты. Бұған би-сұлтандар дау-дамай көтергенімен, қаған көніпті, келесі де сұлу жарын сұрапты, бұл бұйымтайларына да көніпті. Ендігі де елінде бос жатқан жерді сұрағанда, би-сұлтандар керек емес жерді берейік деп ұйғарғанда, Мөңке қаған атылып тұрып, «Ата-бабам жанын салып қорғаған, халқым мен оның ұрпағы мекендейтін ата-қоныс ешнәрсеге тең келмейді. Олардың жерімді сұрағаны қай сасқаны» деген ашумен, бірнеше күнде сол мемлекетті жаулап алған көрінеді. Ұлтарактай болса да, ата қоныс — жер қымбат, ат төбеліндей болса да туып-өскен ел қымбат,- дейді дана халқымыз. Әйтсе де өзгенің жеріне ортақтасып, билік жүргізуге құмартқандар тарихымызда көптеп кездеседі. Ежелгі Македонияның патшасы Ескендір Зұлқарнайын да осындай нысананы көздей отыра, әлемге бастаған жорығы сәтсіз болып, көптеген шығынға ұшыраған болатын. Бірінші дүниежүзілік соғыс отының тұтануына себепкер болған тағы да Наполеонның әлемді билегісі келген арманы талай адамның қаны мен терін төкті. Мұндай дүниеқоңыздық талай мәселенің түйткіліне айналмақ. Жерге деген ашкөздік көптің сағын сындырып, қара халықтың басына талай нәубетті тарттырады. Осындай жағдайдың тағы бір көрінісі ретінде 50 млн. адам қатысып, 27 млн. адамның тағдырын жалмаған Гитлер бастаған фашистік Германияның КСРО-ға ашқан майданын айта аламыз. Орыстың атақты жазушысы Булгаков төрт күндік оқиғаны төрт том кітапқа әзер сыйдырғанда, төрт жыл бойына болған соғысты үш бетке сыйғызу әсте мүмкін емесі анық. Әйтсе де, бұл тауқыметке толы 1941-1945 жылдар талай жанның қанын судай ағызып, жарды жесір, баланы жетім етті. Тарихта ойып тұрып орын алған аталмыш майдан ер азаматтардың көз ілмей, жан бермей соғысуын талап еткендей еді. Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманның көрінісі көзден ғайып болып, қарақұрым халықтың бір күнде екі аяғын бір етікке тықты. Иә, соғыстың нәубеті жеті жұрттың тынышын алып, ашық аспанды қара түнекке айналдырды. Дегенмен, КСРО-ның құрамындағы 15 елдің жағдайы қанша жерден жақсы болмағанымен, ұлан-ғайыр даласына бергісіз өр рухы бар еді. Оның ішіндегі тамыры түркіден тараған халықтың басым көпшілік түркі тілдес елдер болған. Гитлердің «Қауырт соғыс», яғни «Барбаросса» тәсілін аяқ асты етіп, фашистерді енді тұрмастай етіп жеңуіне



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

зор үлес қосқан деп, атап айтқанда, қазақтың өрен ұл-қыздары деуге болады. Опасыздықпен басталған немістердің бұл соғысына қатысқан қазақ жауынгерлерінің санын санаудың өзі бір мақтаныш. Кезінде он мыңдаған жоңғар әскеріне мың бас қол жинап жауға тойтарыс берген Сартай батырдың сол заманғы ұрпақтары өзінің мықтылығын сол уақыттарда тағы да бір дәлелдеп берді. Немістің 190 дивизиясына КСРО-ның бар аймағынан келген солдаттар жан аямай жауға қарсы тұрды. Соғыстың алғашқы алты аптасында КСРО-ның біршама аумағы жау қолына өтіп кетті. Алайда, фашистердің бұл сәттілігін одақтың менмендеген батырлары қойсын ба?.. Ер етігімен су кешкен қанқұйлы сол бір уақыттарда атамекенімізді қорғау кім-кімге болсын берер қиындығы көп болғанымен, кеудесі қаһармандық пен өжеттілікке толы батырлардың нақ сыналар шағы. Жаумен жан аямай күрескен жандар арасында он сегізге жаңа толған өрімдей ұл-қыздар да бар. Соғысқа қатысқан әр адам өзінше қазіргі ұрпақ мақтан тұтардай нағыз батыр. Оның ішінде еліміз аса мақтанышпен ауыз толтыра айтатын кешегі шығыстың қосы шынарына айналған он тоғыз – жиырма жасында қыршынынан қиылған Әлия мен Мәншүк, Т.Тоқтаров, М.Ғабдуллин, Т. Бигельдинов, Б. Момышұлын батырлардың есімдері мәңгілік ел есінде. Нендей қиындыққа зор тәуекелділікпен төтеп берген батырлардың істеген ерліктері ел жадынан өшпек емес. Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан Қошқарбаевтың аңызға бергісіз жасаған ерлік ісі алапат соғыстың нүктесін қойып берген болатын. Қақаған аязды күндері жау жағадан алса да, намысы жібермеді, тәуекелсіз жеңіс болмайтынын білді.

Сенбеймін жарық жұлдыз сөнуіне,  
Елімнің құл – күңдікке көнуіне .  
Жау бізді тықсырса да түпкірлетіп,  
Сенбеймін жаудың бізді жеңуіне-,

деген ұранмен Панфиловшы батальон командирі болған Баукеңнің өз қарамағындағы әскеріне берген өр рухы соғыс пайдасы одақ жағында екенін тағы да бір айқындай түсті. Баукең атамыз тағы да бір сөзінде «батырға Сырдың суы сирағынан келмейді, қорқаққа батпақ та кедергі, шалшық та бөгет», - деген болатын. Соғыс жылдарында тыныш жатқан қазақтың дарқан жұрты тыным таппады. Ерін, баласын, аға-інісін майданға аттандырған артында қалған қай елде болмасын тынымсыз еңбектер, таңды ұйқысыз атырған күндер соғыс бітпейінше толастамады. Бір үзім нан болсын, соын табу жолында артында қалған ана-апалары жан қинатар ауыр жұмыстарды атқарды. Ол заманғы жас жеткіншектердің көрген балалық шағы да, бүгінгіден он, жүз есе төмен дәрежеде болды. Ішерге тамақ, киерге киім болмай күнін өткізген қара халық зор еңбекпен батырларша сол бір



**Республиканский конкурс сочинений среди учащихся школ и средних учебных заведений на патриотическую тему, посвященную 71 годовщине Победы и 75-летию начала Великой Отечественной войны, 2016 г.**

тауқыметті жылдарды еңсере білді. Бүгінде сол бейнетке толы жылдардың аяқталғанына 71 жыл, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманымыздың орнағанына 75 жыл толып отыр. Отанымыздың тыныштығы кез келген жанның, келешек ұрпақтың тыныштығына кепілдік береді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Біз жеңімпаздар ұрпағымен мақтанамыз. Бүгінгі Отан қорғаушылары, біздер үшін олардың соғыс жылдарында көрсеткен жан қиярлық ерлігі - Отанға қызмет ету ісінде мәңгілік өнеге» деп айтқан болатын. Сол бір сұрапыл жылдар да от кешкен батырлар есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Болашақ ұрпақтың баянды ертеңінің қалыптасуының кілтіне айналған даңқты батырларымыздың жасаған еңбегі ел есінде мәңгілікке сақталары сөзсіз.

Тамырым тереңінен бойлағанда,  
Фашистер жанымды алып қоймағанда,  
Ол уақыт бітпейді деп жүрген кезде  
75 жыл өтерін ойлағам ба?..  
Өрнегін батырлықтың салып кеткен,  
Қаншама ерлер болды даңқты өткен  
Сол жандар бар қызықты бізге сыйлап,  
Бейнетті өздерімен алып кеткен.  
Тамырым тереңінен бойлағанда,  
Өрлік пен ерлік деген ойлағанда  
Үлгісі бола алатын батырларды  
Сұм соғыс жалмайды деп ойлағам ба?...  
Есімі батырлардың ел есінде  
Сұм соғыс қайта айналып келмесін де,  
Ынтымақты дәуірдің гүлі гүлдеп,  
Күніміз жарқырасын көк төсінде.